Президент пәрменінен – нақты іске
2-бет

Қоғамға қауіпті бес кесел
3-бет

Ғұламаның ғибратты ғұмыры
8-бет

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ БЕЙСЕНБІ, **11 СӘУІР**, 2024 ЖЫЛ **№40 (23 362)** www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

Кеңшілік кемшілікті жоя алмай тұр

Күн тәртібінен түспей тұрған мәселе – әйелге қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу. Оның жолын кесетін түрлі шаралар қолға алынуда. Соған қарамастан, тамырына түбегейлі балта шаптық деуге әлі ерте. Мүмкін халық талап еткендей, гендерлік теңдікке қол жеткізу үшін заңнаманы өзгерту жеткіліксіз болар?! Ол үшін, әсте ұлды да, қызды да тәрбиелеу кезінде санасын әлімжеттік туралы ойдан ада қылғанымыз жөн шығар. Бірақ, «ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» демекші, тереңіне үңіліп, ақылға салсақ, үйдегі ұрыс-керісті көріп өскен, өзге қарым-қатынас моделін білмейтін бүгінгі ұлдан ертең «әйеліңді ұрма!», ал, қыздан «зорлық-зомбылыққа төзбе!» деп талап етудің өзі қисынға келмейді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев та әр Жолдауында осы мәселеге ерекше тоқталып, нақты тапсырмалар беруде. Одан бөлек, «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатында да ішкі істер органдарында әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғаумен шұғылданатын мамандардың штаты қалпына келтіріліп, олардың құзыреті күшейтілгенін айтқан болатын.

Президент тапсырмасын орындай отырып...

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әлбетте, шаралар нақты нәтиже бермеді десек, артық айтқанымыз. Мәселен, Отбасыға көмек көрсетудің бірыңғай орталығының жетекшісі, облыстың полиция департаменті жергілікті полиция қызметі басқармасының әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бөлінісінің аға инспекторы, полиция подполковнигі Гүлбану Сәтпаева-Алпысбаеваның мәліметінше, тұрмыстық қылмыстар өткен жылмен салыстырғанда 22,2 пайызға азайған. Оның ішінде, кісі өлімі – 50 пайызға, орташа ауырлықтағы дене жарақатын келтіру – 25,8 пайызға төмендеген.

Одан бөлек, қалалық және аудандық полиция бөлімшелерінде әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі инспекторлар штаттары енгізілді. Оларға тұрмыстағы зорлық-зомбылық жасаған құқық бұзушыларға қатысты қорғаныс нұсқамаларын өздері шығара беретін өкілеттік берілген. Сәйкесінше, биылдың өзінде 151 қорғаныс нұсқамасын шығарған.

Елімізде әйелін ұрып, соққыға жыққанға қылмыстық емес, әкімшілік іс қана қозғалады. Атап айтқанда, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің «Отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер» делінетін 73-бабы бойынша жазаланады. Ол бойынша құқық бұзушы отбасы-тұрмыстық қатынастардағы адамдарды сыйламаса, былапыт сөйлесе, қорлап тиіссе, үй тұрмысындағы заттарды бүлдірсе және олардың тыныштығын бұзса, ескерту жасалады, болмаса, бес тәулікке әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады. Ал, баптың тармағы көбейген сайын, жаза да қатаңдай түспек.

Қылмыстық кодексте отбасында орташа және ауыр дене жарақаттарына әкелетін зорлық-зомбылық үшін жаза қарастырылған болатын. Бірақ, 2017 жылы тұрмыстық зорлық-зомбылық қылмыссыздандырылды. Қазір аталған кодекстің 108-бабы бойынша денсаулыққа қасақана зиян келтіру мен 109-бабы бойынша ұрып-соғу – бос тұр. Яғни, ол үшін қылмыстық жаза қарастырылмайды.

Сурет ашық дерекқордан

Аталған баптарды әкімшілік құқық бұзушылыққа ауыстыруға кезінде тұрмыстық зорлық-зомбылық жасағаны үшін жазалауға емес, зорлаушыларға айыппұл салуға, олармен тиісті жұмыс жүргізуге болады деп сенген азаматтық қоғам өкілдері де болған еді. Өкініштісі, бұл зорлық-зомбылықтың азаюына ықпал еткен жоқ.

Бірақ, бұл дұрыс шешім болғанын айтады әйелдерге жасалатын тұрмыстағы зорлық-зомбылықпен күнде бетпе-бет келіп, бүге-шүгесіне дейін зерттеп жүрген Гүлбану Сәтпаева-Алпысбаева. Оның да өзіндік себебі бар. Мәселен, кодексте қазір бос тұрған 108 және 109 баптар бойынша қылмыс жасалған соң күдіктіні жедел қамауға алу көзделмеген.

– Себебі, бұл ауыр қылмыс болмағандықтан, санкциялау кезінде жедел қамауға алу көзделмейді. Егер халық талап еткендей, әйелдерге жасалатын тұрмыстағы зорлық-зомбылық қылмыстық сипатқа ие болатын болса, ол қайтадан Қылмыстық кодекстің 108 және 109 баптарына ауыстырылады. Бұл ретте, полицияға арыз жазылғаннан кейін, ол жеке сипатқа ие болады да, жәбірленуші сотқа дәлелдемелерді өзі жинау қажет болады. Бұл, әлбетте, біраз уақытты талап етеді. Ал, сот белгілеген мерзім өтіп кететін болса, іс мұрағатқа кетеді де, зорлық-зомбылық көрсетуші жазасыз қалады, – дейді Гүлбану Ратайқызы.

Подполковник соттың қарау уақыты екі айдан алты айға дейін созылатынын айтады. Ал, бұл уақыт аралығында әйел не ажырасып тынады, не қайтадан табысып, таяғын жеп жүре береді. Ал, отбасындағы жанжал – жедел жауап қатуды талап ететін дүние.

– Жанжалға дер кезінде шара қолдану керек. Бұл жағдайда үш күннің өзі көп. Осы уақыт аралығында жазаланбаудың өзі адамды есерсоқтыққа апарады. Бұл ретте Әкімшілік кодекстің баптарын қолдану дұрыс деп есептеймін. Себебі, учаскелік полиция қызметкерінің өзі жедел әрекет етіп, шара қолдана алады. Бұл ретте кез келген жағдай сотпен дәлелдену керек болғандықтан, полиция қызметкерлерінің өзі зәбір көрсетушіге ешқандай шара қолдана алмайды, – дейді Гүлбану Ратайқызы.

Мәжіліс балалар мен әйелдерге жасалған зорлық-зомбылық үшін заң жобасын Сенатқа жіберді. Депутаттар оны талқылауда. Егер заң қабылданар болса, отбасында жанжал шығарғандар қылмыстық жауаптылыққа тартылады. Бірақ, кез келген дүниенің екі ұшы болатыны тәрізді зорлық-зомбылықты тоқтату үшін әйелін соққыға жыққанның кінәсін дәлелдейміз деп уақыт создырып жүргенде, орны толмас өкініш – өлім санын көбейтіп алмаймыз ба деген де қорқыныш жоқ емес...

● БӘРЕКЕЛДІ!

«Зерттеу университеті» атанды

Үкіметтің 2024 жылғы 5 сәуірдегі қаулысына сәйкес академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетіне зерттеу университеті мәртебесі беріліп, оқу орнының 2024-2028 жылдарға арналған даму бағдарламасы бекітілді.

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамына зерттеу университеті мәртебесі берілсін», – делінген ресми құжатта.

Алдағы бес жылға арналған университетті дамыту бағдарламасына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің барлық деңгейлерінде ғылыми қызмет пен оқу үдерісін интеграциялау, сапалы білімнің теңдігі мен қолжетімділігін қамтамасыз ету, дарынды жастарды тарту, елдің интеллектуалдық әлеуетін көтеруге және Қазақстандағы ғылыми мектептердің халықаралық беделін арттыруға мүмкіндік беретін іргелі және қолданбалы ғылым саласындағы жобаларды іске асыру, университет ғалымдарының патенттерді, лицензияларды сату, стартап жобаларды әзірлеу түріндегі қолданбалы зерттеулерінің нәтижелерін облыс экономикасына енгізу секілді міндеттемелер кіреді.

Мұнымен қоса, білім берудің халықаралық стандарттарына сәйкес ғылыми-зерттеу құзыреттіліктерінің кешенін меңгерген жас ғалымдарды магистратура мен докторантурада даярлау, экономика секторларын инновациялық модернизациялау, аддитивті өндірісті енгізу, өндірісті бақылау және басқару жүйелерін оңтайландыру, ҚарУ профессорлық-оқытушылық құрамының, студенттердің, магистранттардың, докторанттардың қатысуымен жаңа көпфункционалды материалдарды құру және ғылыми зерттеулер жүргізу – бағдарламаның негізгі бағыттары.

Даму бағдарламасында көзделген жоба-жоспарларды қаржыландыру университеттің жеке есебінен және қосымша тартылған бюджеттік инвестиция есебінен жүзеге асырылады.

Қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2024 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жалғасуда. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, редакцияда ресімдеуге болады.

Санаты	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша ҚАЛА	
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5827,65 тг
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3079,65 тг
Санаты	«Қазпошта»АҚ каталогы бойынша АУДАН /АУЫЛ	
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5891,70 тг
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3083,70 тг

Қарағанды қ., Ермеков к., № 33, 8 қабат, 88 каб.
Анықтама телефондары:
Сағыныш – 8-702-638-56-85; Нұрсұлу – 8-705-902-04-05; Тел.: 43-57-89
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

● 12 СӘУІР – БҮКІЛӘЛЕМДІК АВИАЦИЯ ЖӘНЕ КОСМОНАВТИКА КҮНІ

Топ жарған тоғыз елдің сапындамыз

Әлемде екі жүзден астам мемлекет бар. Ал, солардың ішінде Қазақстанды, оның ішінде қазақты не ерекшелейді дейсіз!? Ресми деректер ғарышқа өз перзентін ұшырған ел ілеуде біреу екенін ғана көрсетеді. Еліміз Тәуелсіздік алған 1991 жылдан бері үш ұлын ғарышқа ұшырды. Өз ұлтынан үш немесе одан да көп азаматы көкке көтерілген тоғыз мемлекеттің қатарынан орынды ойып тұрып алуымыздың себебі – осы.

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әлбетте, ғарышкерлер күні жайлы айтқанда 12 сәуірде Жер орбитасын алғаш рет айналып шыққан Юрий Гагариннен кейін қазақтан тұңғыш ғарышқа ұшқан жерлесіміз Тоқтар Әубәкіровтің есімі тұрады. «Қазағым үшін жануға да, ұшуға да дайынмын» деп, «СоюзТМ-13» кемесімен ғарышқа сапарлаған батыр күн жүйесінде 7 күн, 22 сағат, 13 минут болып, зерттеу жұмыстарын сәтті жүргізіп қайтты.

Батыр ұлының өзге елдің ғарышкерлерінен ерекшелеп тұратын тағы бір қасиетін жыр қылып айтады елі. Бұлжымас қағиданы бұзып, «Поехали!» емес, «Қазағым!» деп ұшуының өзі ерлікке пара-пар. Содан да болар, жалғыз қазақ елі үшін ғана емес, бүкіл әлем бойынша Тоқтар ағамызды ерекше көрсететіні де осы әрекеті. Ол – әлемнің 256-шы ғарышкері.

Ал, қазақтың тағы бір перзенті – Талғат Мұсабаев әлем бойынша 309-шы болып ғарышқа ұшты. Бір емес, үш рет аспан көгін шарлаған ол 1994 жылы «Союз ТМ-19» кемесімен 126 күн ғарышта болса, екінші рет «Союз ТМ-27» кемесімен 208 күн аспан көгінде болып қайтты. Ашық ғарыш кеңістігіне бес рет шығып, 30 сағат 8 минут аспан аясында болған қазақтың ұлы осылайша Гиннестің рекордтар кітабына енді. Ал, үшінші рет «Союз ТМ-32» кемесімен сегіз күн аспан төрін бағындырып келді.

Сурет ашық дерекқордан

Тоқтар Әубәкіров пен Талғат Мұсабаевтан кейін тағы бір қазақ – Айдын Айымбетовтің орны ерекше. Байқоңыр ғарыш айлағынан «Союз ТМА-16М» кемесімен ұшқан ол ғарышта ғылыми эксперимент жүргізіп қайтты. Бір емес, үш ұлы бірдей ғарышта болып қайтқан қазақ үшін Ғарышкерлер күнінің ерекше болуы да осыдан.

Ғарышкер болуды армандамайтын ұл кем де кем. Бірақ, сол арманға қол жеткізіп, аспан көгін еркін шарлау – екінің біріне бұйыра бермейтін бақ. Тіпті, ондай бақыт бұйырмаған елдер де бар екенін көрсетеді статистикалық деректер. Үш бірдей ұлын көкке ұшырған еліміз өзге елдердің алдында еңсесін қалай көтерсе де, жарасымды емес пе?!

Оның үстіне, ғарышты шарлау өз алдына, әр ұшқан сайын еліміз үшін құнды зерттеулер жүргізіп, қазақтың ғана емес, әлем игілігіне жарайтын игі іс тындырып келулерінің өзі жеке-жеке тоқталатын дүниелер.

Әлбетте, мұнымен тоқтап қалмақ емеспіз. Алдыңғы ағаларының ерлігіне жастайынан құлағы қанып өскен талай өреннің Жер орбитасын жерден емес, ғарыштан қадағалап, еліміздің абыройын асқақтатары анық.

...Бәлкім, қазір тоғыз елдің қатарында болсақ, болашақта өз перзенттерін ғарышқа ең көп ұшырған тұңғыш ел – Қазақстан болуы да ғажап емес қой!

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: ●**EUR/KZT** 484.87 ●**USD/KZT** 446.14 ●**RUB/KZT** 4.81 ●**CNY/KZT** 61.68

Қазақстан Ұлттық Банкінің 10 сәуір, 2024 жылғы дерегі бойынша

Президент пәрменінен – нақты іске

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың су тасқыны салдарынан қалыптасқан ауыр жағдайға байланысты Үндеуінде қарғын судың салдарын жою бойынша атқарушы органдар тарапына нақты тапсырмалар берді. Қазетті шаралардың орындалу барысы облыс әкімдігінің аппараттық жиынында талқыланды. Бұдан өзге де өзекті тақырыптарға «дүрбі салып» қойсақ деген ниет таныттық...

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Суреттер ашық дерекқордан

Тасқынға тосқын

Алдымен сөз алған төтенше жағдайлар департаментінің басшысы Мұрат Қатпанов өңірдегі жағдай тұрақты екендігі, барлық өзен-көлдерде су деңгейінің төмендегені байқалатынын хабарлады. Су қоймаларына ағын судың келуі де саябырсыған. Мұны космомониторинг деректері растайды. Артық суды ағызу амалдары Самарқан, Ынтымақ, Шерубай-Нұра су қоймаларында іске асырылды. Нұра және Осакаров аудандарының 9 учаскесіндегі өзендер аумағында мұзды қопсыту әдісімен жарылыс жұмыстары жүргізілді. Облыс аумағын ұшып өтіп, 5 авиавизуалды зерттеу сараптамасы жүргізілді.

– Иә, баспананы су алу жайттары 20 елдімекенде орын алған. Шет ауданында төтенше жағдай жарияланып, Қайрақты, Ақсу, Красная Поляна елдімекендерінде кейінгі санақ негізінде 60-қа тарта үйді су басқан. Ақтоғай ауданындағы Абай, Сарытерек, Қарасу, Нармамбет елдімекендерінде де ахуал күрделі болды. Шұғыл шаралар нәтижесінде қауіп сейілді. 8 елдімекен тұрғындарына «Қазавиаспас» тікұшақтарымен қажетті азық-түлік тасымалданды. Бұл орайда «Қазақстан халқына» және «Біз біргеміз» қайырымдылық қорларының үлесін атап өткен абзал. Бүгінде зардап шеккен үйлерді техникалық сараптау мен бағамдау шаралары іске асуда. Тасқыннан зардап шеккен жұртшылықтың қалыпты өміріне оралуы үшін қолдан келген шұғыл шараларды іске асырудамыз, – деп мәлімдеді Мұрат Қасенұлы.

Жалпы, 2015 жылдан бастап, республикалық Жол картасы аясында әрі облыстық деңгейдегі инженерлік жұмыстар шеңберінде жүйелі негізде атқарылған ілкімді істердің нәтижесінде 274 шақырымға бөгет пен білік тұрғызылып, нығайтылған. 104 шақырым аралығындағы дренаж және су бұру жүйелері қалыпқа келтірілген. Ал, төтенше жағдай жарияланған Шет ауданының әкімі Мұхит Мұхтаров жағдайдың тұрақталғанын жеткізді. Кешелі-бері зардап шеккен отбасыларға бір реттік материалдық көмек көрсетілген. Зардап шығынын есептеу амалдары жүргізілуде.

Жолдар, жолдар...

Қарағанды облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Мақсұт Кожанов аймақ жолдарының ағымдағы жай-күйіне тоқталды.

– 25 наурыздан бермен қарайғы уақыт аралығында 61 рет судың жол жиегіне шығып кету жайттары және 11 мәрте жолды шайып кету оқиғасы тіркелді. Қазірде мердігерлер күшімен олқылық орнына келуде. Киевка, Қараой елдімекендерін су алмас үшін ондағы автокөлік жолының төсемінің бір бөлігін су ағынын бұру мақсатында оюға тура келді. «Ақсу-Аюлы-Ақтоғай», «Ақадыр-Мойынты», «Ақтау-Бастау» бағыттарындағы жол бөліктері қалпына келтірілді, – деді ведомство басшысы.

Бұдан бөлек, бүгінде 8 автожолда қалпына келтіру жұмыстары жалғасуда. Оның ішінде бір облыстық маңызы бар, 7 аудандық маңызы бар жол бар. Ендігі жылға тастүйін даярлану үшін 72 учаскеге су өткізгіш жол құбырларын орнатқан маңызды деп ой тұжырды спикер.

Баяндамашылардың мәліметтерін ой елегінен өткізген облыс әкімі бұған дейінгі уақытта тиімді істер легінің атқарылғанын бағамдай келе, әлі де осал нүктелердің барлығына назар аударды. Сондықтан, құзыретті мекемелерге аудан, қала әкімдіктерімен бірлесіп, инженерлік жұмыстар жоспарын тағы да жетілдіріп, жаз маусымында іске асыру қажеттігін тапсырды. Екіншіден, барлық бөгет пен гидротехникалық құрылыстар жағдайын тағы бір рет талдап, тексеру қажеттігін, тасқынмен күрес жоспарына енгізу керектігін қаперге салды.

– Үшіншіден, әр ауылды аралап өтіп, ахуалын нақты анықтап, мал басының шығынын есептеу кезек күттірмейді. Апта соңына дейін мал шығынын тайлы-тұяғына дейін толығымен өтеу қажет! Бұдан бөлек, үй жайларының техникалық сараптамасы алынған соң аудан әкімі әр отбасымен бетпе-бет кездесіп, өтем толыққанды төленсін. Салынатын үй салынып, сатып алынар баспана сатып алынады! Мен өзім жұртшылықпен жүздестім. Президент тапсырма берді. Ал, біз оны ойдағыдай орындауға міндеттіміз, – деп қадап айтты облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Моноқала мәселесі

Ендігі келелі мәселе Мемлекет басшысының тапсырмасы негізінде қалалар мен аудандарды абаттандырумен айналысу. Моноқалаларды дамыту. Республика көлемінде орналасқан 20 моноқаланың 4-еуі Қарағанды облысына тиесілі. Теміртау, Балқаш, Шахтинск, Абай. Моноқалаларды дамытудың негізгі тетіктері Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі аумақтық даму жоспарында айқындалған. Сондай-ақ, 2022 жылдан бастап, моноқалаларды дамыту бойынша жол картасы іске асырылуда. Бұл турасында облыстық экономика басқармасының басшысы Татьяна Аблаева кеңірек баяндады. Спикердің сөзінше бүгінде бұл бағытта инфрақұрылымдық және көліктік қамтамасыз етуді, экологиялық жағдайды жақсарту, білім беру мен денсаулық сақтауды дамыту бойынша кешенді іс-шаралар жүргізілуде. Мәселен, былтыр ғана экономиканы әртараптандыру бойынша жүргізілген ауқымды жұмыс нәтижесінде Саран қаласында, 2021 жылы «Saran» индустриялық аймағы іске қосылып, табысын еселеп, бірқатар ірі зәкірлік жобалар іске асырылды. Соңында шаһар Қазақстан Республикасы Экономика Министрлігінің бұйрығымен моноқалалар санатынан ресми негізде шығарылды. Экономиканы әртараптандыруды одан әрі дамыту мақсатында моноқалаларды дамыту және қолдау келесі стратегиялық бағытта өрістеуде.

Алғашқысы, Қарағанды агломерациясы құрамындағы моноқалаларды дамыту арқылы. Аты аталған шаһарлар көліктік қолжетімділікке, өзара байланысқа, бірыңғай еңбек нарығына, өндірістік және әлеуметтік-мәдени функционалдық байланыстарға ие. Моноқалаларда Қарағанды агломерациясы құрамында қала құраушы кәсіпорындармен әріптестікте экономика құрылымын әртараптандыру жөніндегі құралдар қолданылады. Мәселен, 2028 жылға дейін 3,5 млрд. АҚШ доллары көлемінде инвестиция құйып, болат өндірісін 5 млн. тоннаға дейін ұлғайтып, өндірілетін болат маркалары мен шығарылатын өнім сорттарын кеңейту межесі тұр.

Барлау

Балқаш қаласын дамыту қаланың бекітілген Кешенді даму жоспары мен туризм саласындағы әлеуетті ескере отырып жүргізілмек. Қаланың жүйе құраушы кәсіпорны «Қазақмыс» корпорациясының құрылымдық бөлімшелері. Өсудің жаңа резервтерін қалыптастыру үшін Балқаш қаласы аумағында Кеңқұдық учаскесінде сирек кездесетін металдарға іздеу жұмыстары жүргізілуде.

– Моноқалалар экономикасының құрылымын әртараптандыруға және қала құраушы кәсіпорындармен өзара іс-қимылға келетін болсақ, шағын және орта кәсіпкерліктің 874 кәсіпорны логистика, құрылыс, қоғамдық тамақтану және басқа да қызметтер саласындағы ірі компаниялардың өндірістік және тұтыну қажеттіліктеріне жұмыс істейді. 41 кәсіпорын локализацияланды және «Qarmet» АҚ мен «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС кәсіпорындарымен 85 млрд.теңгеге тиісінше шарттар жасалды, онда 7,1 мың қызметкер жұмыс істейді. Жергілікті мазмұн үлесін дамыту бойынша өзара ынтымақтастық туралы меморандумдар аясында былтыр 90 жергілікті тауар өндірушінің 141,4 млрд. теңгеге тапсырысы қамтамасыз етілді, – деп баяндады Татьяна Юрьевна.

Моноқалаларда 857 жұмыс орнын құрумен 56,5 млрд. теңгеге 7 зәкірлік жоба іске асырылуда. Кәсіпкерлікті қолдаудың бірыңғай кешенді бағдарламасы шеңберінде биылдан бастап моноқалалар үшін 7%-дық кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау көзделген. Ағымдағы жылы моноқалалардың кәсіпкерлері 1,3 млрд. теңге несие сомасына 19 жаңа жобаға несие алды.

Жалпы, жүргізіліп жатқан жұмыстар қала тұрғындарының өмір сүру сапасына оң әсер етеді. Сонымен қатар, 2025-2026 жылдарға арналған моноқалалардың жобаларын қаржыландыруға 45 млрд. теңгеге жуық қажеттілік бар. Бұл Абай қаласының Шахан кентінде, Теміртау қаласында және Балқаш қаласында магистральдық жылу және кәріз желілерін қайта жаңарту және салуға бағытталмақ.

Жоталы жобалар

– Біз үшін экономиканы әртараптандыру – басым міндеттердің бірі. Бүгінгі таңда біздің қала құраушы компанияның айналасында 200-ден астам шағын және орта кәсіпорындардың белдеуі құрылды. Оның 50-і – біздің жергілікті Теміртау кәсіпорындары, олар комбинат үшін сұранысқа ие қызметтер мен жұмыстар бойынша тауашаларды алып жатыр. Бұл логистика саласы, металл өңдеу, сервистің алуан түрлері, көлік, – деп қосты Теміртау әкімі Ораз Тәуірбеков. Ол биылғы жылы екі ірі жобаны іске қосу жоспарланып отырғанын айтты: арнайы кокс және тау-кен саласына арналған өнімдер өндіру. Инвесторларды ақпараттандыру үшін қалада арнайы гид әзірленді.

Бұдан бөлек, Абай ауданында ферроқорытпа өндіру зауытының құрылысы жүргізілуде. Болат тегістеу шарларын шығару зауытының құрылысы жоспарланды. Сондай-ақ, Абай тігін фабрикасының өндірісін 20000 киім жиынтығына дейін ұлғайта отырып, кеңейту межесі бар. Балқаш қаласында жүйе құраушы кәсіпорын «Қазақмыс» мыс балқыту зауытында сирек жер металдарын өндіретін жаңа цехтар ашылды. Болашақта күкірт қышқылы цехының 2 тізбегін салу жоспарлануда. Бұл туралы облыстық өнеркәсіп, индустриалық-инновациялық даму басқармасының басшысы Дарын Бұлқайыр хабарлады. Сондай-ақ, Ақтас – 1, Ақтас – 2 кен орындарында алтын өндіру фабрикасының құрылысы туралы мәселе пысықталу үстінде. Сондай-ақ, Шахтинск қаласы бойынша мұнда бос үй-жайлар барлығы, онда өнеркәсіптік аймақ құру мысалында бүгінгі күні аудандастыру мәселесі пысықталуда. Жыл сайын қаржыландыру ұлғаймаса, кемімеді. Моноқалалардың құрылымы бойынша күнделікті даму тек соңғы 5 жылда қаржыландыру көлемі 4 есеге өсті.

– Моноқалаларды кешенді және сараланған түрде дамыту үшін инфрақұрылымды жақсартумен қатар, инвестициялар тарту үшін жағдай жасау қажет. Өсу нүктелерін іздеңіздер. Жаңа өндірістердің ашылуына ықпал ету қажет. Бұл ретте импортты алмастыратын өндірістерді қолдауды талап ететін, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды назардан тыс қалдырмау керек. Осы тұрғыда белсенді жұмыс істеу қажет, – деп атап өтті облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

Ауыз су алаңдатпас үшін

Мемлекет басшысы 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында өңірлерді дамытудың ұлттық жобасы шеңберінде бес жыл ішінде қалалар мен ауылдарды 100% таза ауыз сумен қамтамасыз етуді тапсырған еді. Қойылған міндетке қол жеткізу мақсатында Үкімет 2023-2029 жылдарға арналған тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымын дамыту тұжырымдамасын бекітті. Оған сәйкес, су құбыры желілерін салуға және реконструкциялауға қаржы бөлінеді. Облыс халқы 1 135 411 адамды құрайды, бұл ретте халықтың 81%-ы – қала тұрғыны. Тұрғындардың 97,8% сумен қамтамасыз етілген. Бұл турасында Қарағанды облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Тілектес Досаев хабарлады. Қалаларда сумен жабдықтау желілерінің ұзындығы 2 513,37 шақырымды құраса, тозуы 65,6% көлемінде. Мемлекет басшысының сапалы ауыз сумен 100% қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмасын орындау үшін ағымдағы жылға барлық көздерден 8 жобаны іске асыруға 4,2 млрд.теңге көзделген. Бөлінген қаражатқа 50 шақырым желіні қайта жаңарту жоспарлануда.

Байлам

Байыбына келгенде, Мемлекет басшысы ұстанған бас бағдары – елдің еңселене түсуі. Жоғарыда келтірілген дерек пен дәйек – ойлы жанға бір азық. «Істің басы – ретін танымақтық» болса, қыруар жұмыстың жүгі мен жігі, бүгі мен шігі айқындалды. Жоспар жолға қойылды. Харекет хәлі бәсең емес. Бағдар бағдаршамдай сайрап тұр. Ел ағалары жұрттың қамын ойлап тұр. Білек сыбанулы, жүрек жұбанулы. Көкжиекке көз жүгіртсек, алдымызда алтынсағыммен астасқан бір-ақ құс жолы із тастайды. Дамудың даңғайыр даңғылы... Кемел келешектің кескін кейпі... Ал, осы арада Сіз бен бізге «тұрлаусыз тұрмысымыз алғаусыз әрі тап-тұйнақтай бола салады» деп ешкім уәде бермеп еді ғой... Демек, қай-қайсымыз болсақ та, қайсарлықтың қайығымен тәуекел айдынына ерік-жігерімізбен жүзіп кетсек болғаны...

ӨҢІРЛЕРДІ ДАМЫТУ

МАҚСАТ ПЕН МІНДЕТ

81 % Облыс халқы 1 135 411 адамды құрайды. Бұл ретте халықтың 81 пайызы – қала тұрғыны

Саран қаласы Қазақстан Республикасы Экономика Министрлігінің бұйрығымен моноқала санатынан ресми негізде шығарылды

Республика көлемінде орналасқан 20 моноқаланың 4-еуі Қарағанды облысына тиесілі. Теміртау, Балқаш, Шахтинск, Абай

100 % Президент 5 жыл ішінде қалалар мен ауылдарды 100% ауызсумен қамтамасыз етуді тапсырды

97 % Тұрғындардың 97,8%-ы сапалы ауызсумен қамтамасыз етілді

65 % Сумен жабдықтау желілерінің тозуы 65 % көлемінде

Моноқалаларды дамытудың негізгі тетіктері Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі аумақтық даму жоспарында айқындалған

Инфографиканы жасаған Е.Кеңесбекұлы

● «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

«Тазалық табалдырықтан басталады»

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев облыстар мен қалалардың әкімдеріне аумақтарды абаттандыру, көгалдандыру жөнінде бірқатар тапсырма беріп, елді мекендер мен қоғамдық демалыс орындарын күтіп-баптау әкімдер қызметін бағалаудың тағы бір өлшемі болатынын айтты.

Жасыратыны жоқ, ыбырсыған қоқыс, қалай болса солай шашылған қалдықтарымыздың бетін қыс бойы қар жауып келгендей. Қар қалай ериді, қала қобырсыған қоқыстан аяқ алып жүре алмай қалады. Тазалыққа жауапты мекемелер Қарағандының қоқысын тазалап үлгермей жатыр. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев апта басын, яғни дүйсенбі күнгі жұмысын қаланың тазалығын тексеруден бастады. Аймақ басшысы дүйсенбіде Қазыбек би ауданын, сейсенбіде Әлихан Бөкейхан ауданын аралап, қос аудан әкіміне ескерту жасады.

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аймақ басшысы дүйсенбі күні сағат таңғы сегізден бастап, Қарағанды қаласы және Қазыбек би ауданының әкімдерімен бірге Оңтүстік-Шығыстың бір бөлігін аралап шықты. Көше тазалығына көңілі толмаған әкім ескерту жасады.

– Су тасқыны кезеңі өтті. Ендігі мәселе – барлығымыз тазалыққа көңіл бөліп, бірігіп қаланы ретке келтіруіміз қажет. Бір қарасаңыз, қоқыстан тазартқан сияқты, бірақ, құрылыс қалдықтары жатыр. Жұмысты неге соңына дейін жеткізіп істемеске? Жаяу жүріп, тазалыққа барынша мән беріңіздер, – деді аймақ басшысы аудан әкімі Ералы Оспановқа.

Мұнымен қоса, әлеуметтік нысандар мен жеке кәсіпорындардың аумағын аралап, олардың да қоқыстары шығарылмағандығын көріп, мейлінше жұмысты күшейту керектігін атап өтті.

– Қыстан кейін, әрине, қоқыс көп. Тазарту жұмыстарын ұйымдастыруға байланысты кемшіліктер бар екенін мойындауымыз керек. Мердігерлердің жұмысына қатысты сұрақтар бар. Бизнес, ПИК өз аумағын да тазартуы керек. Алдымызда қыстан кейін қаланың тазалығын тез ретке келтіру міндеті тұр. Біз қала, аудан әкімдерімен бірге жаяу жүріп, әр көшені тексеретін боламыз, – деді облыс әкім.

Қазыбек би ауданының әкімі аудан тұрғындарын 13 сәуір күнгі жалпы қалалық сенбілікке қатысуға шақырады. Ол арнайы қаптар берілетінін, оны алу үшін әлеуметтік желілердегі парақшаларға өтінім қалдыру керектігін айтады. Қоқысты полигонға шығару үшін жұмысты ұйымдастырамыз деді.

Ал сейсенбі күні ертемен Әлихан Бөкейхан ауданын, Майқұдықты аралады. Бұл аудан аумағына сенбілік жүргізілсе де, пластик бөтелкелер, пакеттердің жер-жерде шашылып жатқанын көрген аймақ басшысы мердігерлерге жұмысшылар санын көбейтіп, өз учаскелерін жедел әрі тиянақты түрде ретке келтіру қажеттігін атап өтті.

– Үйлердің жанынан өткенімізде балкондарының астында тұрмыстық қоқыстар өте көп екенін байқадым. Өкінішке орай, оны тұрғындар терезеден, балконнан тастайды. Сондықтан, сенбілікке, тазалық жұмыстарына қала тұрғындарын да барынша тарту керек. Мұнымен қоса, кәсіпкерлер өз нысандарының жанын тазалауы керек, – деді Ермағанбет Қабдулаұлы.

Бұл апта басында елімізде «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы басталды. Мұндай игілікті іске қарағандылықтар да бір кісідей жұмылады. Ауқымы кең акцияның алғашқы аптасы «Таза өлке» деп аталады. Яғни, жұма бойы аудан-қала, тіпті, ауылдарда сенбілік ұйымдастырылады. Экологиялық акция басталған күні Әлихан Бөкейхан атындағы ауданда сенбілік ұйымдастырылып, 1000 қап қоқыс сыртқа шығарылды. Дегенмен, апта соңына дейін сенбілік жалғасатын болады. Бұған аудан тұрғындары атсалысып, аулаларын тазартып жатыр.

Сейсенбі күні «Таза өлке» апталығы аясында ұйымдастырылған сенбілік Қазыбек би ауданында өтті. Еріктілер, экобелсенділер мен қала тұрғындары түс ауа қаптарын қолына алып, пластик құтылар мен пакеттерді жинады. Кәсіпкерлер де қалыс қалған жоқ. Өздерінің нысандарының алдын қоқыстан тазартты.

Қарағанды қаласы жастар ресурстық орталығының директоры Ғазиз Зұлқарнай сенбілікке 30 ерікті қатысып жүргенін, апта соңына дейін 15 учаскені тазартатынын жеткізді.

Мұндай сенбіліктер облысымыздың барлық аудан-қаласында өтуде. Экологиясын ойлаған ел-жұрт елді-мекендерінің іші-сыртының тазалық жұмыстарына белсене кіріскен. Саран қаласының тұрғындары отбасымен бірге аулаларына шығып, сенбілікке қатысуда. Айтпақшы, мұндағы қала әкімдігі әлеуметтік желі арқылы ең үздік аула мен ауданға конкурс жариялаған. Балқаш қаласында да барлық аула, көшедегі қоқыстар шығарылуда. Көршілер бірауыздан көтеріңкі көңіл күймен жұмыла кетіп, келесі бір көшеге эстафета арқылы жолдауда. Қарқаралы қаласындағы сенбілікке 100 ден аса тұрғын шығып, 35 гектар аумақтың қоқысын тазалаған.

Тағы бір жалпықалалық сенбілік 13 сәуір күніне жоспарланып отыр. Осы орайда, қала тұрғындарынан экоакцияға белсенді қатысуы сұралады. Бір айы бойы, яғни, 11 мамырға дейін аудан-қала, елдімекен тазалығына ел болып жұмылатын боламыз. Барлығы – өзіміз үшін.

Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан

Қоғамға қауіпті бес кесел

Халық арасында саламатты өмір салтын насихаттау, денсаулыққа зиянды заттарға қарсы профилактика бойынша мемлекеттік саясатты жүзеге асыру Қарағанды облыстық мәслихаты депутаттарының үнемі назарында. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев үшінші Ұлттық Құрылтайда «Біз мынадай бес кеселмен бүкіл ел болып күресіп, біржола тосқауыл қоюымыз керек» деді. Ол бес кеселдің біріншісі, Президент өзі айтқандай, нашақорлық.

«Алдымен, есірткі саудасы, соның ішінде синтетикалық есірткі айналымы. Өкінішке қарай, бұл індет жаппай белең алып барады. Тек былтырдың өзінде есірткіге қатысты 7,5 мыңнан астам қылмыс анықталды. Заңсыз айналымнан 41 тонна есірткі алынды», – деп ашық айтты.

Президент Мәжіліс пен Сенат депутаттарына есірткімен күресті жандандыруды тапсырды. Сондай-ақ, «Есірткі заттарын өндіретін адамдардың жазасын барынша қатайту керек. Оны ең ауыр қылмыстарға теңестіру қажет. Парламентті бұл бастаманы қолдауға шақырамын», – деп ұсынысын да айтты.

Қазақстандық қоғамның тағы бір мәселесі ретінде Президент лудоманияны атаған болатын. Бұл ретте Президент 400 мыңға жуық адамның букмекерлік конторлар мен казинолардың тұрақты клиенті екенін де атап өтті.

«Шын мәнінде, лудомания – бейбіт күнде елдің шырқын бұзып жатқан қатер. Соның кесірінен талай шаңырақ шайқалды. Талай азамат заң бұзып, қылмысқа ұрынды. Құмар ойын үшін қарызға батып, өзіне қол жұмсаған жандар туралы хабарлар, өкінішке қарай, күн сайын тарап жатады. Бұл дерт жас ұрпаққа өте үлкен зиян келтіреді. Онлайн-ойындар балалардың күнделікті ермегіне айналып барады.

Құзырлы органдар былтыр интернет-казиноның белгісі бар 4 мыңнан астам сайтты бұғаттады», – деген Мемлекет басшысы бұл мәселеге қатысты да тапсырма берді. Ол: «Үкімет лудоманиямен күреске қатысты дәл сондай жоспар қабылдауы керек. Құмарпаздыққа заң жүзінде шектеу қою қажет. Біз жастардың құмар ойынға салынып, арзан табысқа ұмтылуына жол бермеуіміз керек», – деді.

Қасым-Жомарт Тоқаев тұрмыстық зорлық-зомбылық, буллинг пен агрессияны қазіргі уақыттағы қатерлі үрдіс деп санайды. Нашақорлық, ішімдікке салыну, қарызға белшеден бату, зорлық-зомбылық бір-бірімен байланысқан бір тізбектің буындары. Олар түптің-түбінде қылмыс жасауға, жастардың денсаулығын құртуға алып келеді.

Қарағанды облыстық мәслихатында менің басшылығыммен әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссия жұмыс істейді. Ол біздің қоғамда саламатты өмір салтын насихаттау, есірткі тұтынудың алдын алу, үкіметтік емес секторды қоғаммен ең өзекті мәселелер бойынша жұмысқа тартуды өзінің тұрақты бақылауында ұстайды. Әрине, жергілікті атқарушы органдар бұл бағытта көп жұмыс жүргізуде, бірақ, ведомствоаралық өзара іс-қимыл нашар жолға қойылған. Жағдай өте күрделі болып қала береді. БҰҰ-ның есірткі туралы бүкіләлемдік баяндамасы негізінде өткен жылдары Қазақстан тыйым салынған заттарды тұтыну бойынша 10 елдің қатарына кірді. Сарапшылардың бағалауынша, есірткіні қолдану салдарынан қазақстандықтар орташа алғанда 4 жылға жуық саламатты толыққанды өмірден айырылады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 маусымдағы қаулысымен Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары бекітілгеніне назар аударғым келеді. Жоспардың төртінші – «Нашақорлық профилактикасы, емдеу жүйесін жетілдіру және есірткіге тәуелді адамдарды оңалту жүйесін дамыту» деп аталатын бөлігінің 46.4 тармағында «өңірдің ерекшеліктеріне баса назар аударып, ҮЕҰ, жергілікті басқару органдарын, белсенді азаматтарды, БАҚ және т.б. тарту арқылы нашақорлыққа қарсы іс-қимылдың жергілікті моделін құру (CADCA әдіснамасы бойынша)» туралы айтылған.

Аталған мәселеде белсенді азаматтық сектор үлкен рөл атқарады. Осы әдіснама бойынша біздің облыста «Үміт» қоғамдық бірлестігі жұмыс істейді. Директоры – Гүлмира Смайылова. Қарағанды қаласында 2018 жылы «Дені сау ұрпақ – дені сау ұлт» қоғамдық бастамасы құрылды. Ол өз қатарына мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғамдастық өкілдерін жинады. 2023 жылдың қараша айында Қарағанды облыстық мәслихатының базасында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігімен, Мәжіліс депутаттарымен бірлесіп, осы қоғамдық бастаманың жұмысы таныстырылды. Онда жобаны іске асыру мәселелері қаралды және ұсыныстар берілді.

Мемлекеттік органдар жүйесінде осы бағытта жүйелі бірлескен жұмысты ұйымдастыру үшін бірыңғай үйлестіруші орган жоқ.

Бұл туралы жастар арасында есірткіні тұтыну проблемасын көтеретін «Үміт» қоғамдық бірлестігі, «Абадан» спорт академиясы сияқты қоғамдық ұйымдардың өтініштері негізінде айта аламыз. «ABADAN» академиясында девиантты мінез-құлқы бар балаларға арналған жобаға ерекше назар аударылады. Бағдарлама өткен жылы іске қосылды. Онда көпбалалы отбасылардан шыққан, әлеуметтік осал санаттағы және мінез-құлық проблемалары бар балалар тегін спортпен шұғылдана алады. Бұл олардың физикалық және эмоционалдық дамуына ықпал етеді. Сондай-ақ, академия биыл балалар арасында нашақорлыққа қарсы күреске бағытталған «Спорт есірткіге қарсы» жобасын әзірледі. Жаттықтырушылар да жас ұрпақпен тәрбие жұмыстарын жүргізеді. Медициналық мақсатта емес, психоактивті әсерге қол жеткізу мақсатында қолданылатын дәрі-дәрмектерге тұрақты психикалық және физикалық тәуелділікті тудыратын дәріханалық нашақорлық мәселесі де орын алуда.

Біздің облыста денсаулық сақтау басқармасы, білім басқармасы полиция департаментімен бірлесіп, Қарағанды облысында нашақорлықтың, алкоголизмнің, темекі шегудің және психо-белсенді заттарды қолданудың алдын алу жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған кешенді іс-шаралар жоспары әзірледі. Біздің тұрақты комиссия отырыстарының қорытындысы бойынша 2023 жылы және биыл уәкілетті атқарушы органдарға бірқатар ұсынымдар әзірленді. Мысалы, 2024 жылғы 27 наурызда тұрақты комиссияның отырысында денсаулық сақтау басқармасына Денсаулық сақтау министрлігіне өңірлерде саламатты өмір салты орталықтарының ашу және құрылымын өзгерту жөнінде хат дайындау, сондай-ақ, алдын алу жұмыстарын жүргізуге қаражат көздеу ұсынылды. Білім басқармасына оқушыларды құқықтық тәрбиелеу бойынша білім беру ұйымдарындағы (мектептер, колледждер) ата-аналарды міндетті түрде қамти отырып, олардың есірткіге қарсы иммунитетін қалыптастыру мақсатында профилактикалық әңгімелер жүргізу үшін жоспарлы жұмысты қайта қарау тапсырылды. Бұл шараға медициналық мекемелер, құқық қорғау органдары өкілдері, нашақорлықтың алдын алу саласында еңбек ететін үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерін шақырту керек.

Ішкі саясат, білім, жастар саясаты, денсаулық сақтау, мәдениет, дене шынықтыру және спорт, мұрағаттар және құжаттама мәселелері басқармаларына қалалар мен аудандардың әкімдіктерімен бірлесіп, өңірдегі жағдайды талдау бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу ұсынылды. Сондай-ақ, полиция департаментімен бірлесіп, психотроптық заттардың таралу орындары бойынша платформа картасын әзірлеу және облыста нашақорлықтың алдын алу шеңберінде бірлескен жұмыстың Медиа-жоспарын әзірлеу қажет болады. Оқушылар мен жұмыс істейтін жастарды тарта отырып, мақсатты іс-шараларды (тақырыптық спектакльдер, шығармашылық кештер, конкурстар, кітапхана көрмелері мен пікірталастар, спорттық жарыстар және басқа да форматтағы жұмыстар) өткізу үшін барлық ресурстарын пайдалана отырып, ақпараттық-насихаттау жұмысын өрістету өте маңызды. Қарағанды облысының Кәсіподақ орталығының ресурстарын пайдалана отырып, есірткіге қарсы профилактикалық жұмыстарды еңбек ұжымдарында жалғастыру бойынша бірлескен іс-шаралар жоспарын әзірлеу тапсырылды.

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ

Облыстың қалалары мен аудандарының мәслихаттар мен әкімдіктері деңгейінде өңірде нашақорлық пен есірткі қылмысының алдын алу бойынша жүргізіліп жатқан жұмысты ерекше тұрақты бақылауға алу және жандандыру, нақты шешімдер шығара отырып, тақырыптық отырыстар ұйымдастыру ұсынылды. Сонымен бірге, халықпен (жастар, жасөспірімдер, «тәуекел топтары», ата-аналар) нашақорлықтың алдын алу және саламатты өмір салтын насихаттау жөніндегі әлеуметтік жобаларды іске асыруға кәсіби үкіметтік емес ұйымдарды тарту үшін жергілікті бюджеттен ұзақ мерзімді қаржыландыру мәселесін бақылауға алу қажет.

Біз Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жасампаз ұмтылыстарымызға қол жеткізу үшін деструктивті мінез-құлық үлгілерінен арылуымыз керек деген ұстанымымен сөзсіз келісеміз. Ұлы Абай айтқандай, барлық жақсыны үйреніп, жаманнан жирену маңызды. Президенттің тапсырмасы бойынша Қазақстанда 2024-2026 жылдарға арналған заңсыз ойын бизнесімен және лудоманиямен күресуге бағытталған кешенді жоспар қабылдау жоспарлануда. Бұл бізге әлеуметтік кеселдермен күресетін барлық мүдделі логандардың күш-жігерін одан да жақсырақ біріктіруге мүмкіндік береді.

Айтылған ұсыныстардың орындалуы тұрақты комиссияның қадағалауында болады. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын табады.

Қадиша ОСПАНОВА,
Қарағанды облыстық мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы

Ғылым жолы арманға жетелейді

Президент тапсырмасын орындай отырып...

Ғалымдар санының күрт азаюы – елдегі күрделі мәселенің бірі. Қазіргі таңда елімізде ғылым саласында еңбек етушілердің саны 22 мыңнан сәл ғана асады. 2025 жылы отандық ғалымдардың санын 32 мыңға жеткізу жоспарланып отыр. Осы орайда ғалымдар жағдайына жіті көңіл бөлуді тапсырған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Егер әлемдік дамуда көш соңында қалмаймыз десек, ең алдымен, ғылымды дамытуымыз керек. Сондықтан ұлттық ғылымды жаңа деңгейге көтеретін мезгіл жетті. Жасыратыны жоқ, қазір ғылыми атағы бар, бірақ ілім-білімге мүлде қатысы жоқ адамдар көбейіп кетті. Елімізге өмір жолын ғылымға арнаған, нақты ғылыми жетістігі бар адамдар керек», – деген болатын.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

2025 жылға – 34 000 ғалым

1990-2000 жылдары республикадағы ғылыми-технологиялық саланың құлдырауы, жобалау институттарынан кадрлардың кетуі, қаржыландыру көлемінің жеткіліксіздігі – ғалымдар санының азаюына әкелді. Отандық ғылым әлеуетінің төмендеуіне алып келген бұл оқиға ұзақмерзімді ғылыми-технологиялық дамуды кенже қалдырды. Алайда, кейінгі жылдары ғылымға ден қойған жоғары білікті ғалымдардың көбеюі кадрлық әлеуетті дамытуда маңызды рөл атқарды. Қазіргі таңда жыл сайын білім беру ұйымдарын орта есеппен 905 докторант, 20 мыңға жуық магистрант бітіріп шығады екен.

Ұлттық статистика бюросының деректеріне сүйенсек, Қазақстанда қазіргі таңда ғалымдар саны 22 мыңнан асады. Зерттеушілердің 35 пайызы ғылыми немесе академиялық дәрежеге ие. Ғалымдардың 35 пайызы 35 жасқа дейінгілер болса, 42 пайызы – 35 пен 54 жас аралығында, ал, 23 пайызы – 55 жастан асқан.

Қазіргі таңда ғалымдарға қолдау белсенді жүруде. Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің төрағасы Жанна Құрманғалиеваның айтуынша, биыл ғылым саласына 83 млрд. теңгеден астам қаржы бөлінген. 2 мыңнан астам жас маман ғылыммен айналысуда.

– Ұлттық жоба аясында 2025 жылы еліміздегі ғалымдар санын 34 мыңға жеткізуді көздеп отырмыз. Алдымен ғылым саласын қаржыландыруға қатысты мәселені реттеп алу керек. Бұл мәселені соңғы 2 жылда ерекше назарға алып келеміз. Соның нәтижесінде 2020-2021 жылы ғылымға бөлінетін қаржы көлемі 2 есеге артты. Және отандық ғылым саласына бөлінетін қаржыға тек біздің министрлік қана емес, одан бөлек 9 орталық мемлекеттік орган жауапты, – дейді Жанна Құрманғалиева.

Бүгінде жас ғалымдар жаһандық трендтерге сәйкес медициналық-биологиялық ғылымдар мен биотехнологиялар, IT және «жасанды интеллект», аграрлық ғылымдар, «жасыл технологиялар» және энергия тиімділігі, тау-кен металлургия кешені саласына талпынуда.

Сонымен бірге техникалық бағыттар бойынша мамандар жетіспеушілігін жоюда Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес техникалық және IT бағытындағы гранттарды 40 пайыздан 60 пайызға дейін көбейту жұмыстары жалғасуда. Статистика департаменті ұсынған мәліметке сүйенсек, облыс бойынша биыл резидентура студенттерінің саны – 739. Докторантура бойынша 372 студент білім алуда. Ал, магистратураға тапсырғандар 1 566 адамды құрап отыр.

Оның ішінде, докторантура бағытында педагогика ғылымдарына – 10, машина жасау, өңдеу және құрылыс өнеркәсіптеріне 63 студент қабылданған. Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру саласында докторлық атаққа үміткер 20 студент білім алып жатыр. Жалпы, ғылым докторы атағына үміткерлердің орташа жасы 30-34 жасты құрайды екен. Бұл бағыттағы студенттер саны шамамен 110 адам. Ғылыми бағыттан бөлек өткен жылы жас ғалымдарға үй алуға мүмкіндік беретін бағдарлама іске қосылғаны белгілі.

Ғалымдар ғылымға ден қоюы үшін...

«Отбасы банк» пен Ғылым және жоғары білім министрлігі арасындағы келісім аясында жас ғалымдарды баспанамен қамтамасыз ету бағдарламасы ғалымдардың біраз мәселесін шешті. «Жас Ғалым» бағдарламасы бойынша баспана 40 жасқа дейінгі бірнеше жас ғалымға бұйырды. Жеңілдікті несие бойынша бастапқы жарна 10%, ал, жылдық үстемеақы мөлшері 5%-ды құрайды. Бағдарлама 2027 жылға дейін жұмыс істейді.

Сурет ашық дерекқоздан

– Ғылыми жаңалықтар мен жаңа технологиялар еліміздің экономикалық өрлеуінің маңызды факторы болып табылады. Жаңа технологияларды жасап, онымен жұмыс істей алатын кадрларды дайындаудың да маңызы зор. Бұл міндет ғалымдарымызға жүктелген. Аталмыш кәсіптің беделін көтеріп, қолдау көрсетуіміз керек. Ғалымдарымыз күнделікті мәселелерді ойламай, ғылымға ден қоюы үшін біз өз тарапымыздан оларға баспана мәселесін шешуге көмектесуге дайынбыз. Біз Ғылым және жоғары білім министрлігімен бірлесіп, Отбасы банкінен жылдық мөлшерлемесі 5%, ең төменгі 10%-дық алғашқы жарнамен несие алуға мүмкіндік беретін бағдарламаны іске қостық, – деді «Отбасы банк» АҚ Басқарма төрағасы Ләззат Ибрагимова.

Банк мамандарының айтуынша, бағдарлама қатысушысына берілетін ең жоғары заем сомасы 20 млн теңгеге дейін. «Отбасы банктің» баспасөз қызметі берген мәліметке сүйенсек, Қарағанды облысы бойынша жас ғалымдарға сомасы 416 287 990 теңгеге 23 несие берілген.

Нұрғали Жәніқұлов және жас ғалымдар

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің жас ғалымдары бағдарлама аясында пәтер иесі атанған. Бүгінде жеңілдетілген несие алған әрбір ғалым белсенді ғылыми жұмыспен айналысуда. Мәселен, бейорганикалық және техникалық химия кафедрасының доценті Нұрғали Жәніқұлов стоматологияға қажетті мырыш-фосфатты цементтерді зерттейді. Ал, археология, этнология және ұлттық тарих кафедрасының аға оқытушысы Әділ Мәкен археологиялық қазбалар мен материалдарды үстелде өңдеу жұмыстарын жүргізуде. Көптен бері үй сатып алғысы келген ғалымдар, бағдарлама аясында мақсаттары орындалғанына бек қуанышты.

Бейорганикалық және техникалық химия кафедрасының қауымдастырылған профессоры, философия докторы (PhD), «Болашақ» халықаралық бағдарламасының түлегі, «Тәуелсіздік ұрпақтары» Президенттік сыйлығының иегері Нұрғали Жәніқұлов Қарағанды университетінде профессор ассистенті болып қызмет жасап жүріп, студенттерге «Бейорганикалық химия» пәнінен дәріс оқыған. Ғылыми бағыты – силикатты материалдардың химиялық технологиясы. Жас ғалымға «Болашақ» бағдарламасымен шет елде білім алу бақыты бұйырған. Сондай-ақ, Бөкетов университетімен Мәскеу мемлекеттік университетінің химия факультеті арасындағы екіжақты келісімшарт жасасуға ықпал еткен жас ғалым – Мемлекет басшысы тағайындаған «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантының иегері.

– Шет елде алған білім мен тәжірибені студенттермен бөлісіп, мүмкіндік көп екенін айтумен келемін. Жастардың дарынды, алғыр, көзі ашық болуын армандаймын. Қазіргі таңда Ресейде жүріп үйренген жаңа ғылыми бағыт стоматологиялық цемент алудың технологиясын магистрантыммен бірге іске асыра бастадық. Ғылыми бағыттың жаңашылдығын, еліміз үшін маңыздылығын түсіндіріп, бірқатар зерттеу жұмыстарды орындаудамыз. Оған қоса, жыл сүйіншімен басталды. Бөкетов университетінің қолдауымен аталмыш бағдарламаның ипотекалық шарттарына сәйкес екінші нарықтан бір бөлмелі пәтерге ие болдық. Ғылыммен армандар орындалады. Әрине, қажырлы еңбек пен жоспардың нәтижелі түйісуі арқасында осы күнге жеттік, – дейді «Болашақ» бағдарламасының түлегі Нұрғали Жәніқұлов.

Ғалымдардың айтуынша, соңғы үш жылда жас ғалымдарға мемлекет тарапынан қолдау жақсы. Ғылым саласына қаржы бөлу үш есе арта түскені былай тұрсын, салалық мамандықтар бойынша шетелдің жоғары оқу орындарынан ғылым мен техникалық тәжірибеден өткен мамандар қатары артуда.

• ТЕХНОЛОГИЯ

Зауыттағы заманауи жоба

Ә.Сағынов атындағы Қарағанды Техникалық Университеті ғалымдарының металл тоттануына бағытталған жобасына Қазақстанның металлургиялық және өңдеуші кәсіпорындары қызығушылық танытты. «Сақтау» тоттануға қарсы құрамын әзірлеу» ғылыми жобасын университет ғалымдарының шығармашылық ұжымы Ғылым комитеті бөлген 170 миллион теңгелік қаржыландыру шеңберінде іске асырды.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Металлургтердің айтуынша, әрбір төртінші домна пеші тоттануға ұшырайды. Балқытылған металдың жалпы көлемінің шамамен 25 пайызы тоттану процестерінің дамуы мен металл конструкциялары мен бөлшектерінің істен шығуы арқылы жоғалады. Сондықтан, арзан, қолдануға оңай, ұзаққа созылатын және тоттануға қарсы жабындарды жасау – өзекті. Осы бағыттағы заманауи әлемдік трендтердің бірі – пайдалану процесінде өзін-өзі қалпына келтіруге қабілетті жабындарды әзірлеу.

Сурет ҚарТУ баспасөз қызметінен

Осының арқасында бөлшектердің қызмет ету мерзімі бірнеше есе артады.

– Жобаның мәні – металл тоттануынан мүмкіндігінше тиімді күресуге қабілетті зат алу. Ол үшін қондырғыдағы дайын тоттануға қарсы зат арнайы өңдеуден кейін галлуазит сазымен араласады, нәтижесінде нанотүтікшелер мен еріткіш пайда болады. Суспензия түріндегі бұл құрам алдын ала тазартылған металл бетіне шашыратылады және заттың зақымдалған металл бұйымдарының қабаттарына енуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оларды одан әрі тоттан қорғап қана қоймай, зақымдануды қалпына келтіреді. Өйткені ол өзін-өзі қалпына келтіруге қабілетті, – дейді жобаның ғылыми жетекшісі, профессор Аристотель Исағұлов.

Бірегей жобаға Қазақстанның металлургиялық және өңдеуші кәсіпорындары қызығушылық танытты. Пархоменко атындағы Қарағанды машина жасау зауыты мен «Қармет» АҚ, «Балқаштүстіметалл» ӨБ және басқалармен ынтымақтастық орнатылды. Зауыттар мен фирмалардан тоттануға қарсы инновациялық жабынды сатып алуға тапсырыстар түсуде.

• ӨНЕРТАБЫС

Нано-маска ойлап тапты

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің ғалымдары медициналық үшқабатты маскаларға арналған тұрақтандырылған күміс нанобөлшектері бар арнайы мата ұсынды.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінгі таңда жіті респираторлық вирустық инфекциялар – (ЖРВИ) әлемдегі көп таралған ауру. ЖРВИ-дің әлеуметтік маңыздылығына байланысты 2023 жылы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) зерттеу қауымдастығымен өзара әрекеттесудің әдеттегі тәсілін өзгертуге бағытталған BRaVe (battle against Respiratory Viruses initiave) бастамасын көтерді. Ұйым мәліметі бойынша, қазіргі уақытта жыл сайынғы COVID-19 жұқтыру жағдайларының жалпы саны 8 миллионнан асты.

ЖРВИ вирустардың 200-ден астам түрінен туындайды. Жылына орта есеппен ересек адамдарда ЖРВИ ауруының 3-4 жағдайы, ал, балалар 6-дан 9 есеге дейін ауырады. Жыл сайын әлемде 3,9-4 млн. адам өлімі ЖРВИ-мен байланысты тіркеледі. АҚШ сарапшыларының есептеулері көрсеткендей, тек тұмау эпидемиясының өзі жыл сайын 71-167 миллиард долларға дейін шығынға ұшыратады екен.

Өкінішке қарай, медицинада әзірге вирусқа қарсы әсері бар жоғары тиімді препараттар жоқ. Қазіргі заманғы вирусқа қарсы препараттардың көпшілігі вирустардың көбею процесін тежейді, бірақ оларды жоя алмайды. Сондай-ақ, бұл препараттар әрдайым сенімді бола бермейтінін атап өткен жөн. Өйткені вирустар мутацияға ұшырап, осы препаратпен емдеуге төзімділікті дамыта алады. Сондықтан, бүкіл әлем ғалымдары осы бағытта ғылыми-зерттеулер жүргізуде. Ұлттық Ғылым академиясының академигі, химия ғылымдарының докторы, профессор Серік Фазыловтың айтуынша, вирустардан туындаған аурулардың таралуына қарсы күрес – медицинаның өзекті міндеттерінің бірі. Оған қоса, коронавирус пандемиясы кезінде инфекциядан қорғанудың және оның таралуын болдырмаудың қарапайым және тиімді шараларының бірі медициналық маска кию болды.

– Ерітінділер, аппликациялар және күмістің әртүрлі қосылыстары ежелгі заманнан бері халықтық медицинада бактерияға қарсы және вирусқа қарсы құрал ретінде қолданылған. Алайда, антибиотиктер «дәуірінің» басталуымен бұл металдың қосылыстары назардан тыс қалды. Бүгінде күміс, мыс және селен нанобөлшектерін пайдалана отырып, дәрілік заттарды іздеу және әзірлеу қайтадан қарқынды жүргізілуде. Бұл бағытта біз Бөкетов университетінің ғалымдарымен екі жылдан бері зерттеу жүргізіп келеміз. Біз тотығуға төзімді күміс нанобөлшектерін алудың тиімді технологиясын жасау үшін жұмыс істеп жатырмыз, – деді Серік Фазылов.

Осыған ұқсас ғылыми-зерттеулерді әлемге әйгілі ғалым, ҰҒА академигі, алматылық профессор Абдуали Баешов жүргізуде.

– Әзірлемеміздің басты ерекшелігі – полисахаридтермен капсулаланған күміс нанобөлшектерін мата материалдарына қолдану. Өйткені, күміс нанобөлшектері ауаның оттегімен және күкіртті сутегімен әрекеттесіп, тотығуға ұшырауы мүмкін, нәтижесінде олар емдік қасиеттерін жоғалтады, – деп жалғастырды Серік Фазылов.

Сурет ҚарУ баспасөз қызметінен

Профессордың айтуынша, мата төсемдерде күміс нанобөлшектерінің бар-жоғын анықтау үшін олар университеттің физика-техникалық факультетінде бар электронды сканерлеу микроскопында тексеріледі. Түсірілімдердің нәтижелері үлгілерде наноөлшемді күміс бөлшектерінің болуын растаған.

Сондай-ақ м.ғ.д., профессор С.Ахметованың жетекшілігімен Қарағанды медицина университетінің микробиология зертханасында маска үлгілерінің бактерияға және саңырауқұлаққа қарсы қасиеттерін зерттеген. Олардың нәтижелері үлгілердің бактерияға және саңырауқұлақшалық ауруларға қарсы қасиеттерінің жеткілікті жоғары екенін растаған.

– Антивирустық және коронавирустық сынақтар әлі жүргізілген жоқ, бірақ, біздің материалымыз оларға қарсы тиімді болады деп сенуге толық негіз бар. Сондай-ақ, маска өзін-өзі тазарта алады деп ойлаймыз, яғни оны келесі күні де қолдануға болады, – дейді профессор.

Қанағаңның көзін көрген

Әлемге әйгілі ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаевтың туғанына биыл 125 жыл, өмірден өткеніне 60 жыл толып отыр. Бұл күнде Алаштың осынау асыл азаматының көзін көріп, сөзін тыңдаған адам ілуде біреу ғана қалды. Соның бірі – кезінде Бұқар жырау ауданының Қылыш Бабаев атындағы кеңшарында 10 жылдан аса директор болып, бүгінде 80 жастан асқан Жеңіс Жұмашұлы Шәдетов.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қуалай келгенде ол Қанағаңмен еншісі бөлінбеген ағайын, аталас туысы. Екеуі де Баянауыл өңірін мекендеген қалың Қаржас-Жәдігер руының Сатай атасынан тарайды. Жекеңнің әкесі Жұмаш Баянауыл сыртқы округіне қарасты Аққелін болысының 4-ауылында 1899 жылы Қанышпен қатар дүниеге келіп, бала жастан құлын-тайдай тебісіп, асыр салып бірге ойнап өскен досы екен. Жұмаш ақсақалдың өзі бертінде 1985 жылы қайтыс болды. Оның айтуынша, бала Қаныш қатар-құрбыларының ойынына қосылмай, ауыл жанындағы Ащысу өзенінің суымен ағып келетін түрлі тастарды теріп алып, күні бойы соларды ермек қылып отыратын көрінеді. Өсе келе елімізде геология-минерология ғылымының негізін салған ірі ғалым, академик атануына осы балалық әуестігі мен құштарлығы ықпал еткен шығар мүмкін. Оның жердің жүрек дүрсілін кардиологтай тап басып, аңғаратыны сол жас күнінен-ақ байқалған. Бірде ол Томск политехникалық институтында оқып жүргенінде елге жазғы демалысқа келеді. Сонда жайлауға көшкен ауылдастарының мал суарып, ас қамдайтын тұщы су таппай дағдарғанын көреді. Ал, студент жігіт еш саспай, бір түп шилеуіттің түбін қазғызғанда, одан мұздай тұщы су атқылай жөнеледі. Сол жерге жұрт шегендеп құдық орнатып, ол «Қаныш құдығы» аталыпты. Бұл қазіргі Ақбел ауылдық округінің аумағында болса керек. Қазір айдаладағы сол құдықтың бар-жоғы белгісіз.

Содан оқу қуған бозбала сол кеткеннен мол кетіп, ғылым жолына шындап түсіп, атағы дүрілдеген тұста 1946 жылы ғана Жұмаш досымен Қарағандыға келген іссапарында кезігеді. Өзін арнайы іздеп барған досымен құшақтасып, көрісіп, ақын Қайнекей Жармағамбетовке тұрмысқа шыққан қызы Ханисадан туған жиенін Нұрлан деп атағанын қуана айтады. Жасынан ете тірі, пысық, әрі кедей шаруаның баласы Жұмаш болса бұған дейін ел ішіндегі Кеңес өкіметінің жұмысына араласып, коммунистер қатарына өтіп, сол кездегі Ульянов (қазіргі Бұқар жырау) ауданындағы Үлгі колхозының бастығы болып істейтін. Тіпті, ол – 1928 жылы Баянауыл ауданындағы туған ауылы Сарықамыста Қосшы одағының төрағасы болғанында мал-мүлкі тәркіленіп, Баянауыл түрмесінде көз жұмған Қаныштың әкесі Имантайдың мәйітін ат-арбаға салып әкеліп, ата қыстаулары Айрыққа апарып, өз қолымен жерлеген кісі. Қазір біреулер Имекеңді Жыржыс қажының мешітіне барғанда дүние салған деп жаңсақ жазып жүр. Оның шындығын Жеңіс ағамыз өзінің «Бұқар баба елінде» деген кітабында егжей-тегжейлі баяндаған.

Арада 4 жыл өткенде, 1950 жылы Қазақ КСР Ғылым Академиясының президенті, академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев Қарағанды облысының ауылдық округтерінен республика Жоғарғы Кеңесіне депутаттыққа ұсынылып, сайлаушылармен кездесуге елге келеді. Аудан халқы оны құрметпен қарсы алып, Қанағаң бала күнгі досы Жұмаштың үйіне түстеніп, көршілес Алғабас колхозына ат басын тірейді. Мұнда елге сыйлы Рамазан ақсақалдың үйінде түнеп, ертеңінде аттанарында Рекең «Қарағым, текті атаның тұяғы едің. Қолына қарап отырған қызым мен күйеу балам неше жылдан бері бір шикі өкпеге зар. Соларға батаңды беріп кет» деп қиыла өтінеді. Қарияның тілегін жерге тастамаған ғалым екі қолын жайып, батасын беріп кеткен соң, бір жылдан кейін ерлі-зайыптылар ұлды болып, одан кейін тағы да бір ұлы дүниеге келеді. Осы күні ол екеуі де үйлі-күйлі болып, немере көріп, туған ауылдарында аман-есен жүріп жатыр. Қаншама әулиелер шыққан Баянауыл топырағының киесі қонып, дуасы дарыған демегенде, не дейміз мұны?!

Сол жолы үлгілік сайлаушылардың аманаты бойынша Қанекең Қазақстан Ғылым Академиясы Ботаникалық бағының Қарағанды бөлімшесінен сан алуан жеміс ағаштары мен терек, акацияның көшеттерін жеткіздіріп, ауылда әсем бақ орнайды. Оны Иманбай ақсақалдың үйретуімен осындағы орта мектептің оқушылары талдан тоқылған шарбақтармен қоршап, соғыс кезінде жер аударылған шешен шалы Тулуп күзетеді. Аз ғана жылда жайқалып өсіп, жемісі мәуелеген бақты Қаныш Имантайұлы 1958 жылы Қарағанды қаласында Ғылым Академиясының көшпелі мәжілісін өткізіп, Баянауылға бара жатқан жолында көріп, қатты риза болады. Жұмекең үйіне түстеніп аттанған ғұлама сол сапарында Айрықта жатқан әке-шешесінің бейітінің басына мәрмәрдан құлпытас орнатып, дұға оқытып қайтады.

– Бұл оның ел жаққа соңғы рет келуі еді. Біздің үйде болғанда кеңінен көсіліп, әңгіме де айтты, домбырамен ән де шырқады, – дейді Жеңіс ақсақал.

Өкінішке қарай, біз ес біліп, ойын баласы атанғанымызда сол сәнді бақтан сорайған теректері ғана қалып, қоршаусыз ашық-шашық жатты. Бірақ, балалық шағымыздың бал дәурен шақтары сол бақтың ішінде өткен. Бүгінде онда бір бала асыр сап ойнамайды. Кешегі тірлігі қазандай қайнап жататын қайран жүз үйлі Үлгіміздің орнында 5-6 шаңырақ қана отыр. Қираған үйлердің үйіндісін көргенде, бұл жерден соғыс жүріп өткен бе деп қаласың. Әйтеуір, тамтығы ғана қалған бақты алдыңғы жылы жергілікті Үміткер ауылдық округі қоршатып, қаңыраған ауылға ауызсу құбырларын тартыпты. Ал,

Сурет мақала кейіпкерінің жеке мұрағатынан

түгін тартсаң, майы шығатын, сулы-нулы бұл аймақты қайта түлету әзірге ешкімнің қаперіне кірер емес. Соны кеңшар кезінде Жеңіс ағамыз жасатып, бақ ішінде тас тұғырға қондырған Қанағаңның жансыз мүсіні қажымай күтіп тұрғандай...

Сонымен 1960 жылдың жазында Жұмаш досы Алматыға Қанышты өзі іздеп барып, оның айттырып алған алғашқы жары Шәрипаның шаңырағына түседі. Ол қызы Шәмшиябану мен оның Алматы жоғары партия мектебінің ректоры қызметіндегі күйеу баласы Оразай Батырбековтің қолында тұрады екен. Ханиса да осы некеден туған. Ал, Мәриям мен Мейізі – Қаныштың кейінгі қосағы Таисия Алексеевна Кошкинадан туған қыздары. Жан досының келгенін естіген Қанағаң сол күні кешкісін Таисия мен екі қызын ертіп келіп, онымен түннің бір уағына дейін әңгіме-дүкен құрады.

Осыдан екі жыл өтісімен 1962 жылы Үлгі орта мектебін «Күміс медальмен» бітірген Жеңісін ерткен Жұмекең салып ұрып Алматыға тағы барады. Оразай үйіндегі бұл жолғы басқосуға Қанекең де келіп, мұнан қайда түскісі келетінін сұрап, өзі сияқты геолог болғанын қалайды. Алайда «Ауылға да білікті маман керек қой» деген досының сөзін құп көріп, сәттілік тілейді. Айтқандай-ақ, Алматы зооветинститутының зоотехника факультетіне қабылдау емтиханын бір ғана химия пәнінен үздік тапсырып, студент болып шыға келеді.

Үлгіден өзімен бірге келіп, сондағы ветеринария факультетіне оқуға түскен Қаби Қошанов пен кейін облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің бас редакторы болған Тілеухан Жүсіпов үшеуі жатақханада бір жыл тұрғаннан кейін пәтер жалдайды. Сонда жерлес студенттер Шайхан Жандаев, Нығмет Танашев, Елкен Сәбенов, Мірәс Батталов, Әбусаттар Тұрғанбековтер жиі келіп, студенттік өмірдің қайталанбас шақтары өтіп жатқан. Қарындары ашса, Шәрипа апасының үйіне баратын бұлар кей кезде онда Қаныш ағаларын кезіктіріп, оның пайдалы ақыл-кеңестерін тыңдайтын.

Әлі есінде, бұлардың өмірін сақтап қалған тосын жайттың болғаны. Әдетте үшеуі күн ысығанда өздерінің шай-суын, аздаған ауқатын алып, Есік көліне барып, суға түсіп, демалатын. Дәл 1963 жылдың 1 маусымында сонда бармаққа жиналып жатқан. Кенет Қанағаңның көмекшісі Бөпежан Аяпбергеновтің қызметтік «Победа» машинасының жүргізушісі Сағидың жетіп келмесі бар ма. Ол әй-шәй жоқ «Қанағаң Москваға ұшқалы әуежайда тұр. Сені көргісі келіп, жұмсады» деп, үшеуін бірдей көлігімен ала жөнеледі. Бұлар келіп, үш-төрт адамның ортасында

тұрған Қаныш ағаларына сәлем бергенде, ол мұның бетінен сүйіп:

– Түсіме Жұмаш кіріп, сені көріп кетейін деп едім, – дегеннен басқа ештеңе айтпай, самолетпен ұшып кетеді. Есікті естен шығарған бұлар жатақ үйлеріне оралса, қаланың басы у да шу. Аспанда он шақты тікұшақ ұшып жүр. Сөйтсе, таудың еріген мұзынан Есік көлі ернеуінен асып кетіп, жолындағының бәрін жайпап өтіп, көлге демалуға барғандардың біразын опат қылыпты.

– Мен осы оқиғадан кейін Қаныш ағамызды әулие деп санаймын. Алдында Рамазан ақсақалдың қызы мен күйеу баласына берген батасы қабыл болса, одан келіп мені ажалдан арашалаған көріпкелдігіне қалай қайран қалмасқа. Бәлкім ол қорқынышты түсін маған айтпаған шығар, – дейді Жекең.

Халқына еңбегі сіңген, ғұлама ғалымдығын әлем мойындаған асыл азамат, сондай алып тұлға, академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың жүрегі 1964 жылдың 30 қаңтарында мәңгіге тоқтаған. Оны ақтық сапарға шығарып салуға елден жылап-еңіреген әкесі Жұмаш пен ғалымның жиені Қайри Ниязбеков жеткен. Сосын бәрі бірге Қазақ опера және балет театрының кең залында өткен қоштасу рәсіміне қатысып, Ташкент көшесіндегі зиратқа апарып, халқымыздың тағы бір ұлы тұлғасы Мұхтар Әуезовтің кесенесінің қасына жерлегенде, өз қолдарымен абзал ағаның қабіріне бір уыс топырақ салып қайтады.

Естеліктер ескірмейді деген – осы. Қаныштай аяулы ағасының көзін көріп, ұлағатын ұғып өскен Жеңіс Жұмашұлы оның есімі мен еңбегі ел жүрегінен мәңгі өшпей, тарихымызға алтын әріппен жазылады деп санайды.

Бұқар жырау ауданы

Суреттерде:
1.Қанағаңның Жұмаш досына сыйлаған суреті.
2.Жұмаш досының үйінде қонақта (солдан оңға қарай) Жұмаш Шәдетов, Дінмұхамед Біләлов (Шорман бидің ұрпағы), Шапық Шөкин (кейін Ғылым Академиясының президенті болған), Қарағанды облысы Совнарының төрағасы Дмитрий Онико мен академик Қаныш Сәтбаев.

● ТАНЫМ

Қаныш Сәтбаев және «Ер Едіге» жыры

1927 жылы жиырманың ішіндегі жас жігіт, Томск технологиялық институтын бітірген, тау-кен инженері Қаныш Имантайұлы Москва қаласынан «Ер Едіге» атты кітап шығарды.

Жинаққа жазған алғысөзінде келешек ғалым Едіге әңгімесінің бір шеті Алтайды, бір шеті Қырымды мекендейтін түркі нәсілдестердің барлығында айтылатындығын ескерте келіп (Қ.Сәтбаев Ғылым және мәдениет туралы таңдамалы мақалалары, Алматы, 1989, 356-бет), өзі шығартқалы отырған аталған кітаптың 1842 жылы Шыңғыс Уәлиханов пен баласы Шоқанның қыпшақ Арыстанбай мен Жұмағұлдың аузынан хатқа түсіріп, 1905 жылы Санкт-Петербургте П.Мелиоранскийдің кітап етіп шығартқан нұсқасын Қаржас Қопабай дейтін ақсақалдың айтуындағы жырмен салыстырып, бірсыпыра қазақшаланған түрі екендігін еске салады. Бұл жерде алғысөз иесі П. Мелиоранский басылымының кейбір сөздерінің татаршалану себебін шығарманы Шыңғыс пен Шоқан жазбасынан «аққа көшірген» Ахмет есімді татар мен өткен ғасырдағы «ноғайша сөйлеуді» сән көретін қазақ жақсыларының әдет-дағдысымен байланысты түсіндіреді. Солай дей отырып, Қопабай айтуындағы жырдың өзінде де жиырмасыншы жылдардың оқырманына тосын көрінетін біраз көне сөздердің бар екендігін, ал соның өзі халықтың «тіл сақтау», «тіл байыту» сияқты мәселелерінде айрықша бағалы екендігіне ерекше көңіл аударады (Қ.Сәтбаев Ғылым және мәдениет туралы таңдамалы мақалалары, Алматы, 1989, 351-352-беттер).

Ғалым негізінен жырдың дүниеге келуіне себепкер болған Алтын Орданың билеушісі Тоқтамыс пен Едігенің өзара қарым-қатынасына арнайы тоқтала келіп айтқан мына пікірлері: біріншіден, «тарихи жағынан алғанда, Едіге батырдың әңгімесі XIV ғасырдың ішінде басталуы керек» дейтін. Екіншіден, араб тарихшысы Ибн-Арабшахтың пікіріне қарағанда, Тоқтамыс пен Темірдің арасындағы жанжалға әу баста Едіге себепші болса керек, Едігенің сүйенгені Орысханның баласы Құтлұғ Темір дейтін сұлтан болған, дей отырып, сондай-ақ, Темірдің Тоқтамыс ордасына ауыр қолмен аттануына Ақорда мен Алтын Орданы жеке билеген Тоқтамыстың баққа мастанып 1388 жылы Түркістан жағына шеру тартқандығын айтатын.

Үшіншіден, Едіге әңгімесінің әртүрлі түркі халықтарында барлығын ескерте келіп «қай жұртта болсын, барған сайын басқы сөзге өз тұсынан түрлі жалғаулар қосып отырмақшы» (353-356-беттер) дейтін.

Төртіншіден, ел біреуді сүйсе оның бойына тағылмаған жақсылық болмайды; Едіге осындай елдің шын сүйген, шын ардақтаған ерлерінің бірі дейтін.

Бесіншіден, «Ел аузында тарап жүрген Едіге туралы тағы да сораптар бар шығар, солардың бәрі де тегіс жиналып қағаз бетіне түссе, Едіге батырдың толық сыны сонда айқындалар еді» деген (Сонда. 352-бет). Ой-түйіндері Едіге мен Тоқтамыс, Ақсақ Темірдің заманын, негізінен олардың өзара қатынасын жыр еткен ауыз әдебиетінің көне мұрасы «Ер Едігенің» танымдық қасиетін, шыншылдық беделін толық бағалау үшін бүгінгі күннің де, келешек күндердің де зерттеушілері назар аударарлықтай құндылыққа ие екендігін көрсететіндігінде дау жоқ.

Белгілі жырды ұзақ жылдар бойғы үзілістен кейін жан-жақты қарастыруды алдына мақсат етіп қойған көрнекті ғалымымыз Р. Бердібаев жазғандай: «Эпостың құрылысына тірек болған бас оқиға тарихи шындықтан туындайтынын ескере отырып, сол бас оқиға қалайша жырланған, оның солай жырлану себебін ашу ғылым үшін парыз болмақ. Сондай-ақ, тарихи кейіпкерлердің рухани бет-бейнесін танытар, өмірінен дерек берер туындыда тағы да қандай жарасымын тапқан жайттар бар, жырдың С.Сейфуллин, В.Жирмунский, т.б. айтып жүрген полистадиялылығы, көпқабаттылығы неде, болмаса әртүрлі нұсқадағы әңгімелердің әрқилы болу себебін қалай түсінеміз, сол әралуан болып жырланған нұсқалар оны дүниеге келтіруші, кейінгілерге жеткізуші жырау, жыршылардың керауыз қисықтығынан ба, әлде олардың да әу баста елге жариялауды мақсұт тұтқан, өздері білетін тосын деректері болған ба, мінеки, егер қисынын тауып көрсете білсе, мұның бәрі де көңілге қонымды жайлар екендігінде шәк жоқ». Осыларға жауап беру арқылы Қаныш Имантайұлы сөз еткен үшінші, төртінші мәселелер шешімінің табылатыны даусыз.

Едіге батыр туралы жырлардан сол заманның біраз тарихының сұлбасын ғана емес, шындығын да табуға болады. Бірақ, сол шындық тек бір ғана нұсқада емес, әртүрлі нұсқалардың бойында шашырап жатыр. Бұл орайда академик Қ. Сәтбаевтың «Едіге батырдың» толық сыны ол жайлы әртүрлі жыр сорабтары толық жиналғанда айқындалар еді» деген сөзінің (Қ.Сәтбаев Ғылым және мәдениет туралы таңдамалы мақалалары, Алматы, 1989, 352-бет) өз тұсы үшін де, бүгінгі күннің межесінен де қарағанда да дұрыс айтылғандығында дау жоқ. Мәселен, М.Әуезовтің «Едіге батыр» әңгімесіне негіз етіп алған Әбубәкір Диваев нұсқасында еліне барған Едігеге Ақсақ Темір бір уәзірінің айдап салуымен өшігіп, басын алудың амалын қарастырады (М.Әуезов Әдебиет тарихы, Алматы, 1991, 59-60-беттер). Рас, мұнда да кейінгінің жамауы, эпостық әңгімеден гөрі Тоқтамыстың әйелі Данабикенің күйеуі мен Едігенің араздасуына себепкер болғанындағыдай, ертегілік элементтер көп. Бірақ, шығарманың дәл осы жайға байланысты айтпақ болып отырғаны – әйелдің қандай болғандығын, Темірдің де азғырынды әңгімеге сеніп қалатын аңқаулықтан құралақан адам еместігін айту емес, оның Едігеге өштесуін, соның көзін жойып, өлтіруге біржола бел буып, ниет еткен сәттердің болғанына назар аударту деп білеміз.

Сөз жоқ, мұның барлығы – әрі эпостық дәстүрдің күші, әрі ерлікті, намыстылықты бағалайтын, оған үлкен өлшемдермен қарайтын халықтық сананың рухының асқақтығының белгісі.

Осындай бүкпесі көп туындының ішінде барлық жайды тайға таңба басқандай анық етіп, нақтылап «айқайлатып» айтпаған демесек, сол заманның тарихын бір кісідей-ақ білуін білген-ау деп ойлайсыз... Соның тағы бір дәлелі: тоқпақ жалды атына мініп, жұртын жиып алып тұрған Тоқтамыс хан еліне айтқан соңғы сөзін:

«Бұл барғаннан барармын,
Телікөлден асармын.
Көкелдінің көліне
Баса барып жатармын.
Тілеу тілеп тұрғайсың,
Алдам ие ес берсе,
Аруақтар дес берсе,
Он үш жылдың жүзінде
Қайта айналып жетермін» (Қ.Сәтбаев Ғылым мен мәдениет туралы таңдамалы мақалалары. Алматы. 1989. 384-бет), – деп аяқтамайтын бе еді?

Бұдан шығар қорытынды, жырдың 1419 жылғы оқиғадан кейінгі сорабын жырлаған данагөй адам Едіге мен Тоқтамыстың жайын біраз білген сияқты. Бірақ, ол өзіне дейін негізгі қаңқасы сұлбаланып қалған туындыны түгел өзгертуді мақсатым деп білмеген.

Бүгінгі таңда азат ел болған Қазақстанның өткен тарихына көз салсақ, ойлантарлық әрі шошындырарлық жағдайлар аз болмаған. Соның бірі – жиырманың ішіндегі жас тұлпар Қаныш Сәтбаевтың біз сөз етіп отырған «Ер Едіге» атты жинаққа байланысты тағдырына қатысты.

1944 жылы 9 тамызда БПК /б/ Орталық Комитеті «Татарстан партия ұйымының бұқаралық саяси жұмысының жайы және оны жақсартудың шаралары туралы» қаулы алып, онда республика тарихшыларына Алтын Орда дәуірінің тарихын көтере көрсетіп, Едіге туралы эпосты насихаттаған деген бірсыпыра қатал сындар айтылған болатын (КПСС в резолюциях и решениях съездов, конференций и пленумов ЦК. 1971. т.6, с. 119). Мұның жаңғырығы араға жыл салып Қазақстанға да жетті. Республиканың негізгі басылымы «Социалистік Қазақстан» газетінің бетінде жоғары жақтың нұсқауымен жазылған, белгілі тарихшының қолы қойылған «Едіге – халықтың зұлым жауы» деген елді дүрліктірген мақала 1945 жылдың 2 қазанында жарық көрді.

1951 жыл. Одан бері де жарты ғасырдан астам уақыт өтті. Тәуелділіктің торы ыдырағалы да бірсыпыра жылдың жүзі ауысты. Бірақ, елдіктің туын көтерген елге құт болған кемеңгерлердің арпалыспен өткен өмірі мен жүрген жолына көз салғанда осынау қиямет-қайым атаулының баршасы күні бүгінгідей болып сананы тілгілейді. Ел деп жүріп сүрінген, ел деп жүріп мерт болған ерен тұлғалы ерлер болмаса, олардың арман-мүддесін жанмен ұғар елі болмаса ұлт пен ұлыстың тізгінін кім ұстамақ деп ойланасың.

Кенеулі ой кемеңгерді түсінуге бастайды. Ал, Қаныш Сәтбаев – дүниеге сирек келетін – кемеңгерлер көшін бастайтын көшелі болып жаралған көсемі болса керек-ті.

Меруерт НАЗАРОВА,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті
Ғ.Мейрамов атындағы
орыс тілі мен әдебиеті
кафедрасының аға оқытушысы,
педагогика ғылымдарының
магистрі

● САРАН ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІНЕ – 75 ЖЫЛ

Бірегей білім ордасы

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі тұлға мүдделерінің, еңбек нарығының, экономика мен әлеуметтік саланың даму перспективасының сұраныстарын қанағаттандыруда шешуші рөл атқарады. Білімге негізделген экономика мен қоғам бәсекеге қабілеттіліктің, жаңа технологияларды қолданудың, әлеуметтік бірліктің, тең мүмкіндіктердің және өмір сапасының проблемаларын шешуде басты рөл атқаруы тиіс.

Кеңес Одағының алғашқы бесжылдықтарындағы ірі өндіріс құрылыстары көптеген білікті жұмысшыларды қажет етті. Кәсіпорындардың, фабрикалардың, зауыттардың, шахталардың, құрылыстардың жұмысшы қолдарына қажетті кадрларды дайындау курстары қанағаттандыра алмады. Осыған орай 1940 жылы 2 қазанда КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен Мемлекеттік еңбек резервтері құрылды. Соғыстың алғашқы жылдарында тұңғыш түлектер бітіріп шықты. Жас жұмысшылардың алғашқы отрядтары шахталарда, фабрикаларда майданға аттанған әкелерінің, ағаларының орнын басты. Өндіріске келген соң еңбек резервтерінің түлектері қатардағы жұмысшылармен бірдей жұмыс істеді. Қарағанды облысының еңбек резервтері басқармасының оқу орындары бірінші бес жыл ішінде, яғни, соғыс жылдарында, 18 мың білікті жұмысшыны дайындап, облыстың кәсіпорындарына жіберді.

Соғыстан кейін жұмысшылар дайындайтын училищелерді ашу жалғасты. Саран кентінде жұмысшы кадрларды дайындау курстары 1947 жылдан жүргізіле бастады. Сөйтіп, 1949 жылдың 11 қарашасында Қарағанды облысының кәсіптік-техникалық білім басқармасының №931/262 бұйрығына сәйкес №40 (ГПШ №40) тау-кен өнеркәсіптік мектебінің негізі қаланды. Бастапқы жұмыс істеген тоғыз жыл ішінде №40 ТКӨМ-ді С.Хан, Н.Тульчинский (1953 ж.), Диқанбаев (1954), Қалиев (1957 ж.) басқарды.

№40 тау-кен өнеркәсіптік мектебі құрылған күнінен 1958 жылға дейін Қарағанды облысының еңбек резервтері басқармасының құзырында болды. Ал, 1959 жылдан №40 арнайы өнеркәсіптік училище болып қайта құрылады да, Қарағанды кәсіптік-техникалық басқармасының құзырына өтеді. 1964 жылы қазан айында ҚазКСР Министрлер Кеңесінің Қаулысына сәйкес №61 ҚКТУ (ГПТУ №61) болып атауы өзгертілді. Келесі онжылдықта, 1959 жылдан 1969 жылға дейін Н.Тульчинский (1960 ж.), А.Довбуш (1963 ж.), Ж.Казиев, Северинов (1969 ж.) оқу орнының басшылары болды. Әр басшы оқу орнының дамуына және жұмысшы кадрларды тәрбиелеуге өз үлесін қосты. Мысалы, Алексей Довбуш басшылық жұмыспен қатар, көркемөнерпаздар жұмысының белсенді насихаттаушысы болды. Оның жетекшілігімен училищенің және Саран қаласының бишілер ұжымы қалалық, облыстық байқаулардың, Алматыдағы республикалық фестивальдардың лауреаттары және дипломанттары атанды. Шығармашылық ұжым бұрыннан ғылым мен техниканың жаңалықтарын оқу процесінде қолдана білді. Осыған орай техникалық шығармашылық үйірмелері ашылып, онда оқушылар сабақтан бос уақыттарында инженерлік еңбектің қойнауына үңіле бастады. Өндірістік оқыту шебері В.Клещевтің жетекшілігімен «Жас өнертапқыш» үйірмесі 14 өнертапқыштық ұсыныстар әзірлеп, жұмыс процесіне енгізді. Құрастырылған әрекеттегі АТ-3т (термокаталикалық метан анализаторы) стенді «Кеншілерді кәсіптік оқыту» тақырыбы бойынша КСРО ХШЖК (ВДНХ) «Көмір өнеркәсібі» павильонында көрсетіліп, жоғары бағаға ие болды, 2 қола медальмен марапатталды, көрмеге қатысушыларға «КСРО ХШЖК қатысушысының» 5 дипломы берілді.

Училище жастардың күшімен Саранда «Вольный ветер» опереттасы қойылғаны қаланың байырғы тұрғындарының әлі есінде. Опереттаның билер бөлімінде №61 ГПТУ оқушылары да қатысты.

1980 жылдың тамыз айынан №61 ҚКТУ №52 техникалық училище (ТУ-52) болып атауы өзгертілді, 1996 жылдан №4 кәсіптік-техникалық мектеп (ПТШ №4), ал, 2002 жылдан №4 кәсіптік мектеп (ПШ №4) деп аталды. Атауы өзгергенмен ол жұмысшы кадрлар дайындайтын оқу орны болып қала берді.

1980 жылдары материалдық-техникалық базаның нығайтылғанын ерекше айтамыз. Бұған оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі директордың орынбасары В.Фрейндтің көп еңбегі сіңді. Өндірістік оқыту шеберлерімен және оқытушылармен ұдайы жүргізілген әдістемелік жұмыс, теориялық және өндірістік оқытуды жетілдіруге деген ізденіс, әріптестерге көрсетілген көмек №4 СПТУ-ға Қарағанды облысының озық және жаңа тәжірибелердің орталығы болуына мүмкіндік берді. Сол кезде училище шеберлерінің және педагогтарының көпшілігі Қарағанды облысы халық-ағарту басқармасының оқу-әдістемелік кабинетінің қоғамдық әдіскерлері болды.

Оқу орнының барлық дәрісханалары мен зертханалары қажетті жабдықтармен жарақталған болатын. Осының бәріне өндірістік оқыту бағдарламасының тақырыптары бойынша іске қосу механизмдерінің электрсхемаларына стенд-тренажерлар, тұрақты тоқ машиналарының, машиналардың жекелеген тораптарының, конвейерлердің, датчиктердің модельдерін жасаудағы ұжымның қарқынды жұмысының арқасында қол жеткізілді. Жасалған экспонаттар, кейін училище түлектері жұмыс істейтін, облыс шахталарындағы жабдықтардың жаттығуға арналған көшірмесі болатын.

Инженерлік-педагогикалық ұжым бұрыннан ғылым мен техниканың жаңалықтарын оқу процесінде қолдана білді. Осыған орай техникалық шығармашылық үйірмелері ашылып, онда оқушылар сабақтан бос уақыттарында инженерлік еңбектің үздігі, кәсіптік білім беруде 34 жыл өтілі бар қызметкер Амантай Алпысбаев басқарды. Ол кісінің мол тәжірибесі, ұйымдастырушылық таланты арқасында 1992 жылы Саран қаласының кәсіптік-техникалық оқу орындарын оңтайландыру жақсы ұйымдастырылды. №4 КТМ-ға №25, №32 училищелер қосылды. Кәсіптік-техникалық мектеп тау-кен мамандықтарымен қатар құрылыс, тамақ және жеңіл өнеркәсіп мамандықтары бойынша да оқыта бастады. Экономикалық қиындықтарға қарамастан, педагогикалық ұжым оқушылардың білім алуы және кәсіби шеберлікті меңгеруі үшін қолдан келгеннің бәрін жасады.

Колледж тарихында Т.Глотова, М.Беливак, М.Кулешов, А.Македонский, С.Топаров, Н.Заикина, М.Линькова, В.Глагольева, Т.Воронкова, В.Онупко, Н.Рашидова, В.Низамутдинова, М.Надежкина, М.Колесникова, Ж.Беркалиев, Г. Декало, Т.Фальченко, Д.Шалхарбаев, М.Шмелев, Н.Шикерлинская, И.Дамро және осы сияқты басқа да жандар өшпес іздерін қалдырды.

2000 жылдардан бастап колледжді Е.Төкебаев, К.Орынбасар, Ш.Шілдебай, К.Инирбаев, Қ.Қоянбаев, М.Мамирова басқарды. Жаңа мыңжылдықтың жиырма төрт жылы ішінде №4 кәсіптік мектеп №4 кәсіптік лицей болып өзгеріп, ал, ТжКБ жүйесінің жаңғыруынан кейін «Саран техникалық колледжі» КММ деген атау алды. 2024 жылдан директор А.Жумадильдиннің басшылығымен «Саран техникалық колледжі» КМҚК болып жаңа басқару нысанына өтті.

Ү.Баймағамбетова, Е.Воронина, А.Елюбаев, К.Игельманова, С.Федосова, В.Кузнецова, Р.Назипова, А.Нукич, Ж.Оразова, М.Гофман, Л.Фёдорова сияқты қызметкерлер техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде көп жылдар бойы еңбек етуде, олар әлі де жастарға өз тәжірибелерін беріп жүр. Жас оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлері жұмысшы мамандарды оқытуда, тәрбиелеуде ардагерлердің ісін абыроймен жалғастырып келеді.

Бүгінгі таңда Саран техникалық колледжі «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану», «Дәнекерлеу ісі», «Тамақтандыруды ұйымдастыру», «Электрмеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану», «Тігін өндірісі және киім үлгілеу», «Слесарьлық іс» мамандықтары бойынша кадрлар дайындайды.

Саран қаласында, жалпы облысымызда жаңа өндіріс орындарының пайда болуы жұмысшы кадрларға қажеттілікті арттыруда. Жыл сайын колледждің әлеуметтік серіктестерінің қатары көбейіп келеді. «QazTehna» ЖШС, «Qarmet» АҚ, «Kama Tyres» ЖШС, «Silk Road Electronics» ЖШС, «СКЭП» ЖШС, «Борусан Макина Казахстан» ЖШС ЖК, «Galex Plus» ЖШС, «Aros group» ЖШС, «ККК Бетон» ЖШС, «Автоград» ТҚКС, «Оптимальный» ЖШС, «Имидж» мейрамханасы, «Саран» кафесі, «ИП Шу» және басқаларын айтуға болады.

Колледж мемлекеттік мақсатты тапсырыс бойынша «QazTehna» ЖШС, «Galex Plus» ЖШС, «Aros group» ЖШС кәсіпорындары үшін мамандар дайындайды. Дуальдық оқытумен студенттердің 30%-ы қамтылған.

Оқу орнын дамыту мақсатында қамқоршылық және индустриалдық кеңестері жұмыс жүргізеді.

Студенттер мен педагогтер ұжымы облыстық, қалалық шараларға, түрлі бағыттағы фестивальдар мен жарыстарға, пәндік олимпиадаларға, конференцияларға белсене қатысып жүр.

World Skills чемпионатында студенттеріміз жүлделі орындарға ие болуда. «Аспаздық іс» құзыреттілігі бойынша 2019 жылы студент Екатерина Мартынова жеңімпаз болса, 2022 жылы студент Жадыра Жұмабек, ал, 2023 жылы колледж түлегі Илья Головачев III орынды иеленді. «Жүк көлігін жөндеу» құзыреттілігі бойынша студент Никита Дмитриенко III орын алды.

Сонымен қатар, колледжде «Инклюзивті білім беру» жобасын жүзеге асыру үшін барлық жағдай жасалған. Жобаны жүзеге асыру аясында колледж №9 облыстық мектеп-интернатымен ынтымақтасуда.

Биыл колледж 75 жылдық мерейтойын тойлайды. Білім қарашаңырағы өзінің қалыптасу, даму жылдарында сұранысқа ие білікті мамандар оқытып шығарды. Сондықтан, оны жұмысшылар ұстаханасы деп мақтанышпен атауға болады. Колледж қызметкерлері мен ардагерлері үшін ол өз үйіндей болып кетті. Саран техникалық колледжінің шығармашылық ұжымын 75 жылдық мерейтоймен құттықтап, жас мамандарды оқыту мен тәрбиелеуде өркендей беруді, мол табыстарға қол жеткізуді тілейміз.

Алишер ЖУМАДИЛЬДИН,
Саран техникалық колледжінің директоры,
Айдана БИТУОВА,
директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

● ҰЛАҒАТ

Ұстаздық – ұлы қызмет

Өзім мектепте жұмыс атқарғаннан ба, әйтеуір, жанымa жақын жандар – мектеп мұғалімдері. Осы орайда Ыбырай Алтынсариннің «Мен үшін жақсы мұғалім бәрінен де артық, өйткені ол – мектептің жүрегі» деген сөзі ойыма оралады.

Жанымда жүрген жанның өміріне үңілсем, жаны бұлақтай мөлдір екен. Осы бір ұлағатты ұстазбен алғаш рет танысқаным да есімде.

Кітапханада күнделікті жұмыс орнымда өз ойыммен өзім ғана алысып отырғанымда, «Сіз біздің кітапханашымыз екенсіз ғой, қош келдіңіз!» деген дауысымен елең еткізген еді. Жанына жақын тартып, көптен көрмеген құрбыдай әңгімелесе кеттік.

Бұл ұстаз кітапханаға келгенде, шиыршықталған идеяларыма жан біткендей күй кешетінім рас. Өзінің ойларымен үнемі бөлісіп, кітапханаға бір күн соқпай кетсе, іздеп отыратын әріптесімнің есімі – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Айгүл Кептербаева.

Таныстығымызға бір-екі жыл ғана өтсе де, жарты ғасыр таныс, туғанымдай болып кетті. Өзінің жарқын идеяларымен әрдайым бөлісіп отырады. Кітаптың жанашыры десем, артық айтқандығым емес. Жүрген жерімде мақтап айтып та жүремін.

Айгүл Сағынтайқызының ерекше бір қыры – бойына біткен ақындығы. Өзінің айтуынша, суырыпсалма ақындығы өзінің екі жұртынан дарыса керек. Әжесі де, нағашы атасы да ақынжанды адамдар болған екен. Өзі ұстаздар отбасынан шыққан, өзінен кіші бауыры Серік Сағынтай жазушы екенін естігенімде, қуанып кеткенімді жасырмаймын. Осындай талантты ұстазбен бірге жұмыс істеу – мен үшін мәртебе.

Тумысынан талант иесі болғаннан ба, Айгүл Сағынтайқызының екінші үйі – мектеп кітапханасы. Өзін кітапханада отырғанда тамаша сезінеді екен. Кітаптарға деген сүйіспеншілігі ерекше. Мектепішілік «Оқуға құштар мектеп» жобасына атсалысып, былтырдан бергі «Үздік оқырман» атты мектеп оқушылары арасында өткізетін сайысыма қаржылай көмектесіп жүр. Оқушылар арасында ақынжанды шәкірттері де қаншама. «Мына баланы қатыстыр, мына оқушы ақылды» деп кейбір іс-шараларға тартып жүргені.

№36 жалпы білім беретін мектебінің ұстаздары арасында сыйлы. Қазіргі уақытта мұғалімдер арасында мектебімізде ай сайын өтіп тұратын READx жобасының жүргізушісі.

Айман БЛЯЛОВА,
№36 жалпы білім беретін мектептің кітапхана меңгерушісі

● МАМАН КЕҢЕСІ

Көкжөтелдің емі – екпе

Кейінгі кезде облысымызда көкжөтелмен ауырған адамдардың, соның ішінде, балалардың қатары көбейгені қатты алаңдатуда. Міне, осы жөнінде Шахтинск қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Еркін Бейсембаевпен әңгімелескен едік.

– Еркін Дәненұлы, көкжөтел дегеніміз қандай ауру және оның қауіптілігі неде?

– Бұл сондай бір жымысқы жұқпалардың бірі саналады. Біріншіден, оны жаңа туған сәбидің жұқтырып алу тәуекелі болса, екіншіден, ол тыныс жолдары ауруларының тасасында білінбей қалуға бейім. Көкжөтел бактериалдық табиғаты өте-мөте жұқпалы ауру болғандықтан, жоғарғы тыныс жолдарының шырышты қабықтарын зақымдайды. Оның бактериялары ауа-тамшы жолымен түсіп, кеңірдек пен көмейдің ішкі қабықтарында көбейеді. Ауру қоздырғыштары адамға ауа-тамшы жолымен, әсіресе, жөтелу мен түшкіру арқылы беріледі. Дертті қабылдау қаупі кез келген жаста, соның ішінде, дүниеге келген сәтте де жоғары. Ал, сырқатпен қарым-қатынасқа түсуден ауруды жұқтырудың ықтималдығы 90 пайызды құрап, бұл орайда көкжөтелге қарсы туабітті иммунитет дамымайды. Көкжөтел кезіндегі жөтел ұзаққа созылып, емдеуге бола қоймайды. Сондықтан, дұрыс ем-домды дер кезінде бастау қажет.

– Сонда көкжөтелден келер қауіп қорқынышты болып тұр ғой...

– Иә, көкжөтелдің ең бір қауіпті салдарының бірі – энцефалопатия немесе бас миының қабынусыз зақымдануы. Ол эпилепсиямен, керендікпен және адам өлімімен аяқталады. Аурудың асқынуы бәрінен бұрын балалар өмірінің алғашқы жылында және қарт адамдарда дамиды.

– Енді осы көкжөтелден халықты қорғау мен оның қаупінің алдын алудың әдіс-айласы қандай?

– Көкжөтелді реттелетін жұқпа деуге болады. Яғни, оны екпенің көмегімен тоқтатады. Халықты көкжөтелге қарсы иммундау профилактикалық екпелердің Ұлттық күнтізбесі шеңберінде жүргізіледі. Қазақстан Республикасында вакциналау сәбидің екі, үш, төрт айлық жас мерзіміндегі үш екпеден тұрып, қайта вакциналау 18 айлығында жасалады. Сонымен бірге, көкжөтелге қарсы қосымша қайта вакциналау баланың мектепке барар алдындағы 6 жасында қарастырылған.

– Айтыңызшы, екпе алған баланың көкжөтелмен ауыруы мүмкін бе?

– Екпе көкжөтелді жұқтырудың тәуекелін мейлінше азайтады да, бала ауырып қалған күннің өзінде ауру екпе алмаған бүлдіршіндерге қарағанда жеңіл, асқынусыз өтеді.

– Ал, сіздердің ұйымда көкжөтелге қарсы қандай шаралар қолданылуда?

– Біздің басқарма қызметкерлері халықпен санитарлық-түсіндіру жұмыстарын белсенді жүргізіп, қаланың аналар мектептерінде, базарлар мен сауда орталықтарында, қоғамдық орындарда көкжөтелдің алдын алу мен иммундаудың пайдасы туралы әңгімелер, дәрістер, радиодәрістер өткізуде. Сол сияқты әлеуметтік желілерде тікелей эфирлер, медициналық ұйымдарда семинарлар ұйымдастырып, ақпараттық роликтер мен мақалаларымызды Instagram және Facebook парақшаларына салады.

– Ата-аналарға қандай кеңес бересіз?

– Ең бірінші ата-аналарға «Қазақстан Республикасында екпелердің Ұлттық күнтізбесіне сәйкес жұқпалы ауруларға қарсы көзделген екпелерді мезгілінде алуын қамтамасыз етіңіздер дегім келеді. Ал, балаларына екпе салудан бас тартқан ата-аналар өзінің ғана емес, өзгенің балаларын да қауіп-қатерге душар етеді. Өйткені, барлық әлемде вакциналау халықты жұқпалы аурулардың пайда болуы мен таралуынан қорғаудың бірден-бір тиімді құралы екенін естен шығармағанымыз жөн. «Сақтансаң, сақтаймын» дегенді де біздің қазақ осындайда айтқан.

– Ереке, көкжөтелге қатысты кең әңгімеңіз бен кеңесіңізге көп рақмет!

Әңгімелескен
Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

ШАХТИНСК

● ТАҒЗЫМ

Өзін-өзі қалыптастырған тұлға

Сарыарқаның сайын даласының төскейінде орын тепкен Шет өңірінің өсіп, өркендеуіне атсалысып, тер төгіп, көптін құрметіне бөленген іскер басшы азаматтар баршылық. Солардың бірі еңбек жолы кейінгі ұрпаққа үлгі болған Шет ауданының Құрметті азаматы, ауыл шаруашылығы саласының «Құрметті ардагері» Мағауия Медетбекұлы Сатыбалдин.

Жаратушы иемнің жазуымен Мағауия үстіміздегі жылдың 5 наурызында 82 жасқа қараған шағында жалған фәни дүниеден бақилыққа аттанды. Мағауияның өмірден өткеніне 40 күннің жүзі болып қалды.

Азаматтың атақ-абыройы, қадір-қасиеті жасаған жас мөлшерімен емес, адами қасиетімен, еліне сіңірген еңбегімен өлшенеді. Өмірінің 50 жылдан астам уақытында лауазымды қызметтерді абыроймен атқарып, замандастары алдында биік беделге ие болу, қалың ауыл тұрғындарының арасында сый-құрметке бөлену кез келген адамның маңдайына бұйыра бермейтін, тағдыр-табағына түсе бермейтін үлкен сый.

Осы тұста 2019 жылы жарық көрген «Өмір белестері» атты өзінің ғұмырнамасына ден қойсақ:

«Алла Тағала адамды жаратқан кезінде оның ғұмырын, өмірлік жүріп өтер жолын кесіп-пішіп, болжап қоятын секілді. Ия, әр-бір адам өмірге келген соң, оны адами асыл қасиеттерімен, абзал азаматтықпен өркендей өткізуі керек. Әу бастағы Алла жазған жол осы. Ал әр адамның өмір жолы, тағдыры өзінше жеке әлем екені заңдылық. Сол әлемде сенің қалдырған ізін қандай? Шындығында, қандай жанның болмасын өмірі ізсіз өтуі мүмкін емес, сол ізді көрсете алмауда жатса керек. Маңдайға жазылған ғұмырдың жетпіс жетінші баспалдағында тұрып, өткен өмірдің қатпарлы сырына үңілер шағымда, мына өмірден көрген-білгенімді, аңдып-аңғарғанымды ортаға салуға ниет еттім, Алланың берген шексіз мейіріміне, рахымына ризамын» дейді.

Мағауия 1942 жылдың қараша айының 15 жұлдызында Медетбек әкеміз бен Қален анамыздың отбасында Ақсу-Аюлы ауылында «Құмжон» көшесінде дүниеге келген. 1949 жыл Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектепке барып, оны 1959 жылы үздік бітірді.

Дүниедегі ең ұлы сезімдердің бірі – достық. Әр адам дүниеге келгеннен кейін ес білгеннен-ақ жан дүниесіндегі сырын, мұңшерін тарқатып, қуанышы мен қайғысын бөлісетін дос іздейді. Қандайда бір қиындықтарға тап болсаң, оны досыңмен бөлісіп, досыңның ақылын тыңдап, шешім таба аласың. Достық адамдардың ең алдымен бір-біріне сенуінен басталады. Ол артқан сайын, достықта қатая түседі. Мағауия екеуіміз міне осындай дос болдық. Мағауияның 5 сыныптан яғни, 1953 жылдан бері ете таныспын, арамыздан жолдас, дос, сыйлас болдық өмірден өткенге дейін.

1959 жылы Мағауия екеуіміз жаңадан ашылған Ақмола ауыл шаруашылығы институтының ауыл өндірісін механикаландыру факультетіне түсіп, оны 1964 жылы үздік бітірдік. Еңбек жолын 1964 жылы Шет ауданының іргесінде орналасқан Орджоникидзе атындағы совхоздың шеберханасында инженер механиктен бастады. Жігерлі жас жігіттің қабілетін байқаған ауданның бірінші басшысы аты ортаға әйгілі Камали Дүйсенбеков Мағауияны Ақшатау кеңшарына бас инженерлікке тағайындайды. Жаңашыл көзқарасты іскер маман кеңшар өндірісіне қол еңбегін механикаландыру бағытында озық тәсілдерді енгізумен шұғылданды. Механизатор кадр тапшылығын шешу мақсатында шаруашылықта арнайы қыздар бригадасын құрып, оларды оқытып ерлермен бірге қоғамдық малға жем-шөп дайындау жұмысына тартады.

Тәжірибелі білікті маман 1973 жылы Ақадыр ауданының ауыл шаруашылық басқармасына бас инженер қызметіне тағайындалады. Бұл орында да Мағауия өзінің кәсіби мамандығын шыңдап, аудан шаруашылықтарында мал азығын дайындайтын жемазық цехтар мен мал бордақылау алаңын салдырады.

Міне, осындай жұмыстармен көзге түскен Мағауияны 1977 жылы ауданның Кәрім Мыңбаев атындағы асыл тұқымды қой кеңшарының директоры қызметіне таңғайындайды.

Кеңшар экономикасын көтеру үшін, бірінші кезеңде шаруашылықтың негізгі бағыты мал шаруашылығын дамыту, оның ішінде мал тұқымын асылдандыру, ол үшін мал азығының берік қорын жасау, осының бәрін іске асыру үшін ең алдымен ауыл тұрғындарының аудандардың әлеуметтік жағдайын жақсарту сияқты келелі мәселелерді нақтылы шешу болатын.

Бұл кеңшарда еліміздің жылқы шаруашылығындағы белгілі ғалымдары: И.Нечаев, Қ.Бақтыбаев, Н.Киікбаевтар мен кеңшар мамандары және жылқышылары Дулат, Мұрат Қожалберлиндермен бірлесе, ұзақ жылғы жүргізген асылдандыру жұмыстарының нәтижесінде жаба тектес «Мұғалжар» асыл тұқымды жылқысы шығарылып, өсірілді.

Директор Сатыбалдин Мағауияға шаруашылықтың басшылары, мамандар, бөлімше басшылары және қарапайым бақташылар көмектерін аямады. Олар: М.Тулкин, М.Әдіков, Ы.Жулеңов, Ш.Темірбеков, Қ.Әмірханов, Ш.Қойманов, Т.Шоқыбаев, М.Бәшенов, С.Смағұлов, С.Башеков, М.Төлеутаев, Ж.Рахметов, Ж.Жарылғасов, С.Спатаев, С.Шөптібаев, Н.Дүйсембаева, И.Кәрімов, Б.Жүнісов, Ш.Уазибеков, т.б. Бұл азаматтар шаруашылықта мал басының өсуіне, шаруашылықтың рентабелді табыс алуына жан-жақты атсалысып, аянбай тер төкті-деп есіне алып отыратын Мағауия Медетбекұлы.

Шаруашылықты 12 жыл басқарған тәжірибесі мен ұйымдастыру қабілетіне мән беріп, Мағауия Медетбекұлы 1988 жылы Ақадыр аудан әкімінің орынбасары, ауданның ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы болып тағайындалады. Бұл қызметте де өзінің іскерлігі мен ұйымдастырушылық қабілетін көрсетті.

1997 жылы Ақадыр мен Шет аудандары біріктірілген кезде ауыл шаруашылығы басқармасына қызметке келді. 1999-2005 жылдары Шет ауданының аумақтық басқармасының басшысы қызметін абыроймен атқарады.

Мағауия Медетбекұлының ұзақ жылғы еңбегі мемлекет тарапынан әр жылдары бағаланып отырды. Ол «Тың жерлерді игергені үшін», «Еңбектегі ерлігі үшін», «Тыңға-50 жыл», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл», «Қазақстан мәслихатына 20 жыл», «Еңбек ардагері» медальдарымен және аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі Құрмет Граматолары және Алғыс хаттарымен марапатталды.

Бала кезінен-ақ байсалды, бейне бір басшы болу үшін жаратылғандай өзіне сенімді, орнықты, мығым адамдар болады. Мағауия солардың санатынан. Төмендеде, төрде де өзгермеген, жас кезде де, басшы кезде де байыпты, ұлыққа да, халыққа да жағымды бола білген азаматтардың бірі. Сүйегімен сүтке сіңген салмақты міңезімен, сабырлы қалпының арқасында бар кезде де, тар кезде де айнымай, қуаныштан тасымай, қиындықтан қиналмай, үйін таспен емес доспен қоршап өзін-өзі қалыптастырған тұғырлы тұлға, айтулы азамат. Өмірден озған Мағауия осындай адам.

«Жақсы әйел ердің басын өрге сүйрейді» дегендей жан-жары Рысжан қалада өскеніне қарамай, жұбайының қызмет бабына байланысты жиі ауысатын шалғайдағы бейтаныс ауылдарға барып, өзі де жауапты жұмыс атқара жүріп, еріне үлкен сүйеніш бола білді. Екеуі төрт баланы дүниеге әкелді, тәрбиелеп, өсіріп олардан жеті немере сүйіп ардақты ата, аяулы әже атанды.

Мағауия «Мен үшін өмірдің мәні халықтың алғысына бөленіп, еліңе аянбай адал еңбек ету» – дейді. Иә, жарынан жақұт, баладан бақыт көріп кеткен жан – досым. Мағауия жатқан жерін мамық, топырағын торқа болып, рухың пейіште шалқысын! 40 күнге арналған ас, бағышталған құран қабыл болсын.

PS: *40 күндігіне арналған асы: 13.04.2024 жалы, сағат 13:00-де Қарағанды қаласы, Шахтеров даңғылы, 2/1, «Ақ Сарай» мейрамханасы (золотой зал). беріледі.*

Боранбай ЖҰМКИН
Шет ауданының Құрметті азаматы
№117

Еске алу

Аяулы ағамыз, әрі жан досымыз **Серік ХАМИТҰЛЫНЫҢ**, фәниден бақиға өткеніне бір жыл толып отыр. Өмірдің тұщысын да, ащысын да көріп өтті. Марқұмның жұбайы Дина Борашқызы 1997 жылы өмірден озды, ауруханада ота үстінде қайтыс болды. Олар алтын асықтай төрт ұлдың ата-анасы еді. Секең асылым, қимасым деп, артында еңіреп қалды. Отыз жеті мүшел жасқа толар-толмас тұңғыш ұлдары Ерік, қанішілердің қолынан қаза тапты. Осы ауыр сынақтарды, сынбай көтеріп, Берік, Ерлан, Ержан есімді ұлдарын тәрбиелеп, ер жеткізді. Берік пен Ержан үйленді, отау құрды, олардан немере сүйді. Үлкен немересінің есімін Мағжан деп қойды. Өйткені өзі Солтүстік Қазақстан облысының Мағжан ауылының тумасы еді. Марқұм туған ауылына жиі барып тұратын. Мағжан немересінен шөбере сүйді, оны көріп-иіскеп келу үшін, Алматыға барып келуші еді. «Бір кем дүние», – деп марқұм Шерхан Мұртаза айтпақшы, Секең тіршілікте көріп, көніп кетті. Ерланы, туғаннан аурушаң болып өсті, әкесіне көп қиындық көрсетті, марқұмның артында қалды. Тәукен досымызға аманат етіп қалдырды, Қарқаралыдағы мекемеге орналастыру үшін.

Серік марқұм, әдеби кітаптарды көп оқитын, ақындық қасиеті бар болатын. «Орталық Қазақстанға» мақала жазып тұрушы еді. Көкірегі ояу, шыншыл, ештеңеге бей-жай қарамайтын.

Біз, елу жылдан артық қуанышымызды, қайғымызды бірге бөлісіп жүрген достар едік. Серік Хамитұлының жарқын бейнесін жүректе сақтаймыз.

Рухына бас иіп, артта қалған ұрпақтарына ұзақ ғұмыр берсін деп тілейміз.

Еске алушылар достары: **Тәукен Хасанғалиұлы, Сабит Сейітұлы** және **Нәзира Сәдуқызы, Шара Қасымқызы**.

№109

Еске алу

Шет ауданы, Кеншоқы ауылының тумасы, бір әулеттің тірегі, асқар тау әке, жора-жолдастың ішінде жасындай жарық жұлдызы, халқының қалаулысы, арда әріптес – **Қияш Мұқарамұлы ЖЕКСЕНБАЕВТЫҢ** да ел бесіктен жер бесікке аттанғалыда 40 күн өте шығыпты.

Алланың жазуына ешкім қарсы келе алмайды. Қазақтың «Қайран» деген сөзі неткен ауыр еді. Қарс айырылған жүректің зар мен мұңға толы сағынышы аңсауы, әлденеге өкініші мен арманы тұнып тұрғандай. «Өтеген-ай» дегізген бір қапылыс ой мен уайымның қайғыға толы жабырқау жүректің көз жасындай. «Қайран» деген сайын шерменде кеудең шерге толып, езіле де егіле береді. Қазақтың «Бетегеден биік, жусаннан аласа», «алыста кегі, қысқада өші жоқ» дегендей досқа адал, туысқа қамқор, бауырларына жанашыр аға бола білген Қияш еді...

Қияш бір үйдің баласынан бір елдің азаматына айналды. Сан жылдар ауылдың ауыл шаруашылық бөлімін басқарып тиянақты, білікті маман болды. Өз ортасында ақыл парасаттылығымен ерекшеленетін. Адам жанына күлімсірей қарап, сызылып тұрушы еді.

Көңілдегі қимастық сезім жүрегімізді әлі сыздатып тұр. Жатқан жеріңіз жарық, топырағыңыз торқа болсын! Алланың шапағатына бөленіп, мәңгілік мекен жұмақ әлемі болсын!

Асыл бейнең санамызда жаңғырып,
Есіміңді айтамыз біз ән қылып.
Жаратушым панасында жарылқап,
Пейіш бақтан орын берсін мәңгілік!

Сағына еске алушылар: **Кеншоқы ауылдық округі әкімі аппараты, мәдениет бөлімі, кітапхана, жергілікті учаскелік полиция, «Шетэнерго» кассирі.**

т/б

Қайырымды жандардан көмек

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл». Су тасқынынан зардап шеккен ауылдарға аймақ кәсіпкерлері де гуманитарлық көмек жіберді. Бұл жолғы көмек те, «Достық үйінің» алдынан аттанды. Жинау пункті – осы жерде.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Су тасқынынан зардап шеккен жандар үшін кәсіпкерлер мен еріктілер қолдан келгенінше көмек көрсетуде. Қарағандыдағы «Достық үйінде» көмек жинау пункті ашылып, барлық қажетті дүниелер осы жерге топтастырылуда. Өткен жолы кәсіпкерлер мен еріктілердің көмегімен жиналған гуманитарлық көмек екі жүк көлігімен Шет ауданына жөнелтілген еді. Алдағы уақытта Қазақстан халқы Ассамблеясының еріктілер штабы су басқан Қостанай және Батыс Қазақстан облысына көмек жібермек.

Әр өңірдегі Қазақстан халқы Ассамблеясы су тасқыны орын алған күннен бастап, көмек жинаудан қалыс қалған емес. Қаржылай көмек те аударып, түрлі тұрмыстық дүниелерді артып, осы пунктке жеткізіп жатыр. Одан бөлек, облыстық Ассамблеяның мүшелері де гуманитарлық көмек жинап берді. Еріктілер «Достық үйіне» үш тонна ұн түсірді.

– Облыс бойынша 50 ерікті жұмылдырылып, жеткізілген ұнды тиедік. Жүк көлігінде ұннан бөлек гигиеналық заттар, тамақ, матрас және резеңке етіктер бар. Еріктілер тобы күн-түн демей барынша көмек көрсетуде. Халқымыз қиын жағдайға түскенде ешкім көмегін аянып қалып жатқан жоқ. Әрқашан бірлікте, ынтымақта болайық, – деді Қарағанды облысының еріктілер фронт-офисі тобының жетекшісі Ардана Мырзанова.

Облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдері осы күнде көмекке зәру жұртқа қаражат аударуда. Облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілі Увайс Джанаев өз әріптестерінің еңбегін атап өтті.

– Су тасқыны басталғаннан бері облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы көмек көрсету шараларынан қалыс қалған емес. Тіпті, еріктілеріміз де Шет ауданына барып келді. Әсіресе, кәсіпкерлерге мың алғыс. Олардың арсында тасқын сумен күрес үшін 30 млн. теңге аударған кәсіпкер бар. Ол керек десеңіз, арнайы техникамен де қамтамасыз етті. Ақшалай көмектің ең аз сомасы – 500 мың теңге. Мұндай шаралар әлі жалғасын табады. Ел арасында қолы ашық, қайырымды жандар көп екеніне көзіміз әбден жетті. Күшіміз – бірлікте! – деді Увайс Джанаев.

Сурет **автордан**

Еске алу

Өмірі өрнекке толы ұстаз, асқар тау әке, аузы дуалы әулет атасы **Кәріғұл НҰҒМАНҰЛЫНЫҢ** өмірден озғанына аттай алты жылдың жүзі болды. Бұл фәнидегі бар өмірін ілім-білімге арнап, білген-түйгенін оқушы санасына сіңіруден жалықпаған жанашыр жанның жоғы қабырға қайыстырары анық. «Кәкең» деп есімін елі еркелетіп айтатын еді. Заманында бұқарасына мейірімділігімен, ұстамдылығымен, білімділігіменен танылған жанның арманы білімді болашақ жасау еді. Не десек те, Кәріғұл әкеміздің тектілігінен болар бәлкім. Атамыз ел есінде «батыр адам» деп атанған Тоқатай бабамыздың жетінші ұрпағы. Тоқатай – Кіші жүз, Байұлы, Алшын ұрпағынан. Атамыз бұрынғы КСРО қалаларының бірталайына саяхат жасаған адам. Кавказ тауларынан Мәскеуге дейін барған. Орал, Көкшетау, Ташкент, Алматы сияқты көп қалаларда болып, туған жер танымына да көңіл бөлген. Тіпті, ол кісі әр барған жерін фотоға түсіріп оны жеке жазба қылып, күнделігіне жинаған. Бір сөзбен айтқанда саяхатшы-фотограф. Бұл ол кісінің көп қырының тек бірді-екілісі ғана. Көзкөргендердің айтуынша, ол кісі тіпті бағбан да болса керек. Қазір тұрып жатқан Нұраталды ауылындағы үйдің қасында шие, талқарақат, таңқурай, тау сарымсағын өсірген екен. Бір адамның басына сиған мұнша талант ел аузында аңызға бергісіз әңгіме.

Еске алушылар: **Бастеновтер әулеті**

№131

ТОО «Кредитное товарищество «Бейбарыс» объявляет о продаже доли в УК 1,72 % участников КТ.

Участники Кредитного товарищества пользуются преимущественным перед третьими лицами правом покупки доли или её части при её продаже кем-либо из участников. Обращаться по адресу: **г. Караганда, ул.Сатыбалдина, д.29/2, офис №1, тел. 8 7212 397412, 87003363739**

№81

ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

«Қарағанды облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесінде сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін сенім телефоны жұмыс істейді. Сіздер басқарма қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заң талаптарын бұзу фактілері жөніндегі ақпаратты **43-22-43** телефоны бойынша хабарлай аласыздар.

д

● ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Ғұламаның ғибратты ғұмыры

Сарыжайлау кинотеатрында «Академик Қаныш Сәтбаев – көрнекті ғалым және ғылымды ұйымдастырушы» атты дөңгелек үстел өтті. Шараны кинотеатр ұжымы мен Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті бірлесіп өткізді. Басқосу ғасыр ғұламасының 125 жылдығына орай ұйымдастырылған.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шараға арнайы академик Е.Бөкетов атындағы ҚарУ оқытушылары, Ә.Сағынов атындағы техникалық университеттің инновациялық технологиялар факультеті мен сәулет-құрылыс факультетінің бірінші курс студенттері қатысты.

– Барша әлемге аты шыққан әйгілі ғалымның шығармашылық және ғылыми мұрасын зерделеу болды мақсатымыз. Қазіргі таңда Қаныш Имантайұлын білмейтін жан кемде-кем. Тіпті, мектеп оқушылары да тұлғаның өмір жолын зерттеп, ол жайлы ойларын ортаға салды. Бұл қуанарлық жай, – деді Ә.Сағынов атындағы ҚТУ Қазақстан тарихы кафедрасының доценті Айнагүл Даниярова.

Сонымен қатар, шара барысында Қаныш Сәтбаев хақында бейнеролик көрсетіліп, ұстаздар мен студенттер арасында пікіралмасу болды. Біз білетін Қ.Сәтбаев Қазақстанның академиялық ғылымының бастауында тұрды. Қазақ КСР Ғылым Академиясының тұңғыш президенті, КСРО Ғылым Академиясының және Орталық Азияның тұңғыш академигі болды. Міне, дәл осы тақырыптарға сай студенттер баяндама дайындады.

– Жастардың ұлы ғалымдарды ұмытпауы үшін, мектеп сабағы барысында оларға елге еңбегі сіңген бірегей тұлғаларды көптеп насихаттау керекпіз. Олар сол тұлғалардың жасаған еңбектерін зерделеуі қажет, – деп атап өтті Айнагүл Даниярова.

Расында, тұлғатану тек сапалы біліммен, саналы тәрбиемен келері сөзсіз. Бұл турасында «Сарыжайлау» кинотеатрының директоры Саят Әбдіғали былай дейді.

– Бүгінгі ұрпақ ел егемендігіне үлес қосқан батырларымызды, ғалымдарымызды, шығармашылық қайраткерлерімізді білуі тиіс. Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығын мерекелеу аясында біз көрермендерге «Қаныш» көркем фильмін ұсынамыз. Мұндағы мақсат – тарих қойнауындағы сырды жаңа бұр жарған жастарға паш ету. Ал, киноға келер болсақ, ол белгілі қазақ ғалымы мен көрнекті геологтың бастапқы жолы туралы баяндайды. 1926-1934 жылдардағы нақты тарихи оқиғалар негізге алынды, – деп атап өтті ол.

Суреттер «Сарыжайлау» кинотеатрынан

110 медаль сарапқа салынады

V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына Қарағанды облысының спортшыларымен қатар әртістері мен қолөнершілері, дизайнерлері де қатысады. Бұл тек білектің күші ғана емес, білім-біліктілік те сынға түсетінін білдірсе керек.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сурет ашық дерекқордан

Халықаралық дода 8-14 қыркүйек аралығында елорданың үздік спорт алаңдарында өтпек. Ал, ашылу салтанаты «Қазанат» ипподромына жоспарланған. Ақпараттар дегеніне сүйенсек, дүбірлі додада 100-ден астам елден 4000-ға жуық қатысушы 20 сайыстық және 10 көрсетілімдік спортта бақ сынамақ. Жарыс барысында барлығы 110 медаль жиынтығы сарапқа салынады.

Бүгінгі таңда облыстың 60 спортшысы іріктеу жарыстарына қатысуда. Еліміздің құрама командасы республика көлемінде өтетін іріктеу жарыстарының қорытындысы бойынша жасақталады.

– «Қазанат» ипподромына іргелес аумақта этноауыл тігілетін болады. Онда күн сайын қолөнершілер көрмелері, шеберлік сабақтары, этно-тағамдар фестивалі және сән көрсетілімі өтеді. Қарағанды облысының этноауыл сахнасында үздік халық театрлары, С.Сейфуллин атындағы қазақ драма театры, «Арқа сазы» фольклорлық ансамблі, Тәттімбет атындағы қазақ халық аспаптарының академиялық оркестрі өнер көрсетеді. Сонымен қатар, мәдени бағдарламаның ажырамас бөлігі – ақындар айтысына да дайындық жүріп жатыр. Қарағанды облысы атынан Мақсат Аханов айтысады. Төрткүл дүние назарындағы сахнада дәстүрлі әншілер Төлеутай Баянды, Дәуренбек Әркенов, Сержан Мұсайын, Гүлмира Тапай, домбырашы Балқан Смағұлов және қобызшы Шахназе Ильясова өнерін ортаға салады, – дейді Қарағанды облысының мәдениет, архивтер, құжаттама басқармасының басшысы Еркебұлан Жұмакенов.

Ал, этникалық сән фестивалі аясында Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің этнографиялық сән театры мен «Нұрәсем» сән үйінің этнографиялық киімдерінің үлгілері ұсынылады.

Этноауылда жоспарланған барлық шаралар әр елдің мәдени мұрасын, ұлттық құндылықтарын дәріптеудің бірден-бір жолы болса керек. Бұл сында Қазақстан халқының бай тарихы мен мәдениетін танытуға еш кедергі жоқ көрінеді.

Мәдениет және өнер қызметкерлеріне Қарағанды облысы әкімінің жыл сайынғы сыйақысын тағайындау жөніндегі конкурсын өткізу туралы ЕРЕЖЕ

Мәдениет және өнер қызметкерлеріне мемлекеттік қолдау көрсету және ынталандыру, әлеуметтік статусын және еңбектерінің маңыздылығын арттыру мақсатында Қарағанды облысы әкімінің жыл сайынғы сыйақысын тағайындау жөнінде конкурс өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға Қарағанды облысы аумағында қызметін іске асырып жүрген мәдениет және өнер қызметкерлері шақырылады.

Қарағанды облысы әкімінің сыйақысы аталған критерийлерді есепке ала тағайындалады:

1) қоғамдық және кәсіби танымал болған облыстың мәдениеті мен өнерінің сақталуы мен даму ісіне маңызды жеке үлес қосуы.

2) кәсіби шеберлігін үнемі жетілдіруі;

3) қызметінде инновациялық формалар мен әдістер қолдануы;

4) тиісті кәсіби жоғары білімінің болуы;

5) мамандығы бойынша 5 жылдан жоғары жұмыс өтілі.

Сыйақылар жыл сайын келесі номинациялар бойынша тағайындалады:

«Жыл әртісі» - 2 сыйлық
«Жылдың үздік эпизодтық рөлі»
«Жылдың үздік театр режиссері»
«Жыл дирижері»
«Жылдың эстрада жанрының вокалисі»
«Жылдың классика жанрының вокалисі»
«Жылдың үздік инструменталисі» - 2 сыйлық
«Жылдың үздік жеке аспапта орындаушысы»
«Халық әнін үздік орындаушы»
«Жыл хореографы»
«Балет және хореографиялық ұжымының үздік әртісі»
«Көркемөнерпаздар ұжымының үздік жетекшісі»
«Демалыс уақытын үздік ұйымдастырушы»
«Ауыл мәдениетінің үздік қызметкері»
«Ауылдың үздік кітапханашысы»
«Үздік кітапханашы»
«Үздік музей қызметкері»
«Жыл композиторы»
«Алтын жолақ»
«Үздік айтыскер»
«Жылдың үздік суретшісі»
«Үздік архивист»
«Мамандығына адалдығы үшін»

Әкім сыйақысы қаражатының мөлшері облыстық бюджетте қарастырылған сома шеңберінде тағайындалады.

Сыйақы конкурсы негізінде Қарағанды облысы әкімінің сыйақысына лауреаттар таңдау комиссиясы ұсынымы бойынша тағайындалады.

Әкім сыйақысына үміткерлікке ұсыну қалалық және аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімдері, облыстық мәдениет және өнер ұйымдары, сонымен қатар шығармашылық одақтар, қорлар және қоғамдық ұйымдар тарапынан іске асырылады. Бір үміткер екі немесе одан аса номинацияға ұсыныла алмайды. Егер үміткер сыйақыны үш жыл бұрын алса, ол сол номинацияға қайта ұсынылуына рұқсат берілмейді.

Әкім сыйақысына ұсынылған үміткерлер 2 кезеңге бөлініп қарастырылады. Бірінші кезеңде – комиссия сыйақыға үміткерлерді конкурсқа қатысуға таңдайды, ал екінші кезеңде сыйақы тағайындау туралы шешім қабылдайды.

Әкім сыйақысына иегер болған тұлғаларға «Қарағанды облысының сыйақысы лауреаты» құрметті дипломы табыс етіледі.

Комиссияға қарастыруға: қысқаша өмірбаяндық ақпарат, ұсынушы ұйымның ұсыным хаты, соңғы **3 жылдағы** ең маңызды жұмыстарды көрсететін шығармашылық мінездемесі, марапаттау дипломдары мен куәліктерінің көшірмелері, сюжеттік фотографиялары, 3х4 көлеміндегі электрондық нысандағы фотосурет, жеке куәлігінің көшірмесі, 20-сандық шоттың болуы туралы банктен анықтама тапсырылады.

Конкурсқа материалдар қолма-қол және teplyukkultura@gmail.com электрондық мекен-жайына қабылданады. Басшының қолы қойылған кандидатураға ұсынысты сканерленген нұсқада, қалған құжаттарды Word форматында жіберу керек.

Конкурсқа материал қабылдаудың соңғы күні – **2024 жылдың 10 мамыры.**

Барлық сұрақтарыңыз бойынша Қарағанды облысы аумағында қызметін іске асырып жүрген мәдениет және өнер қызметкерлеріне тағайындалатын Қарағанды облысы әкімінің сыйақысы лауреатын таңдау бойынша комиссиясының жұмысшы органы – Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасына хабарласыңыздар (Бұқар жырау даңғылы, 32; 108 кабинет, анықтама тел. 425112).

● СУ СПОРТЫ

Сенімді ақтаған синхроншылар

Су спортының көркем жүзу түрінен Қазақстан құрамасы Бейжіңде өткен Әлем кубогында алтын жүлде иеленді. Ұлттық команданың басым бөлігін қарағандылық спортшылар, нақтырақ айтсақ, теміртаулық таланттар құрап отыр.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Ел командасы акробатикалық бағдарламада айдын иелерін шаң қаптырып, 213.7801 ұпай жинады. Күміс жүлде Аспан асты елінің өкілдеріне (205.0300) бұйырса, үздік үштікті Австралия құрамасы (196.6266) қорытындылады.

Алтын жүлде жеңіп алғандар қатарында Әйгерім Құрманғалиева, Анна Павлецова, Жаклин Якимова, Жания Жиенғазы, сондай-ақ қарағандылық Этери Какутия, Наргиз Болатова, Арина Мясникова және Ксения Макарова бар. Бұл жеңіске дейін техникалық бағдарламада да қазақстандықтар қола жүлдеге ие болған еді.

Әлем Кубогында болашағынан үлкен үміт күттіретін теміртаулық 17 жасар жүзуші спортшы Виктор Друзин өз шеберлігін көрсете алды. Ол Анна Павлецовамен дуэтте күміс медаль иеленді. Ал, «ерікті соло» бағдарламасында қола жүлде қанжығалады.

Әлем Кубогының келесі кезеңдері Францияда 3-5 мамыр аралығында, Канадада 31 мамырдан 2 маусымға дейін, ал, суперфинал Венгрияда 5-7 шілде аралығында өтеді.

Өз тілшіміздің

● ЖӘДІГЕР

Көнеден жеткен жебе ұштары

Қасиетті Қарқаралы қаласындағы тарихи-өлкетану мұражайының қоры өткен ғасырларға тиесілі жебе ұштарының бірегей коллекциясымен толықты. Темір мен мыстан жасалған жебе ұштарын мұражай қорына жергілікті тұрғын, орманшы Серік Туғамбаев тапсырған.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан

Жебе ұштары Қарқаралы ауданы аумағындағы ескі қорған орнынан табылыпты.

– Жебе ұштарының ұзындығы 5-тен 10 сантиметрге дейін. Көне жәдігер өте жақсы сақталған. Екі және үшбұрышты пішіндегілері мұздықтар мен найзаларға ұқсаса, кішкентай жебе ұштары мыстан жасалған ысқырық оқтарға ұқсайды. Серік Туғамбаев көне жәдігерлерді қалмақтар қорғанынан тауып алған. Олар жартасқа соғылған, – деді мұражай қорының сақтаушысы Айтбану Қадырова.

Сонымен қатар, мұражайдан атақты композитор Тәттімбет Қазанғапұлының немересі Шайхы Мұсатайұлының домбырасы, дауылпаз ақын Қасым Аманжоловтың жеке заттары, мемлекет қайраткері Жақып Ақпаевтың самаурыны мен көрпесі сияқты сирек кездесетін жәдігерлерді кездестіре аласыз.

Бұдан бөлек, мұражайға келушілердің Мәскеудегі «Меллер» зауытында жасалған 1857 жылғы сейфпен де танысуға мүмкіндігі бар.

Қарқаралы тарихи-өлкетану мұражайы 1977 жылы қоғамдық негізде құрылған. Оны Қарқаралы зиялыларының арасынан энтузиасттар тобы ұйымдастырыпты.

Қазір мұражай қорында 4815 жәдігер сақтаулы тұр. Олардың ішінде, түпнұсқа тарихи құжаттар: Қарқаралы округінің құрылуы туралы, Қарқаралы ауданынан шыққан тұлғалар туралы материалдар сақталған.

Мұражай қорының мазмұны археологиялық материалдардан, тас дәуірінің тарихы туралы фотосуреттерден, тарихи тұлғалардың портреттерінің фоторепродукцияларынан, XX ғасырдың 30-50 жылдарындағы қуғын-сүргін туралы құжаттардан тұрады. Қазақ халқының этнографиясы мен сәндік-қолданбалы өнері де қойылған.

Аталған мұражайдың Егіндібұлақ және Ақжол ауылдарында екі филиалы бар екенін де айта кеткен жөн.

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары – **Оксана Вячеславовна МЯГКИХ**

Бас редактор – **Е.К. МҰСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары – **Қ.А. АЙТЖАН**
Сайт редакторы – **І.Д. МҰҚАЙ**
Жауапты хатшы – **Ж.Қ. ШАЛҚАР**

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 5 508

№ 40 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Жансая ОМАРБЕК**